



Аттандық сапарға

Бүгінгі студент, ертеңгі маман екені сөзсіз. Студенттік өмір - қайта айналып келмес қызықты сәттерге, есте қаларлық оқиғаларға толы, мәнді де мағыналы үлкен өмірдің баспалдағы. Күні кеше бірінші курс болып, ғимарат шатастырып жүрсек, енді төртінші курсты да бітіріп, алыстағы армандарымызға қадам жасап, жеке тұлға ретінде қалыптасуға бекінгелі жатырмыз. Университетімізде бітіруші белсенді түлектерге арналған «Соңғы қоңырау» атты мерекелік кеш болып өтті.



Бұл күн университет тарихында өз қайталанбастығымен ерекше. Белсенді түлектеріміз университет қабырғасында жүріп түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың, ғылыми-тәжірибелік конференциялардың, пікір-сайыс турнирлерінің жүлдегерлері атанып, университетіміздің қарыштап дамуына өз үлестерін қосып, түлектер білім ордасында биік шыңдардан, асқарлы асулардан көрінді. Биік шыңдардан көрінген Жақсығалиева Альфия, Сралиева Мейрамгүл, Тарасқызы Аймира, Голубова Ольга, Гайпназарова

Бағдат, Есеркепова Дилара, Ақшолоқов Дастан, Абсатырова Айымгүл, Жүсіпқалиева Дария, Быков Сергей, Утемисова



Куниров Алмаз, Есенғалиев Жанғазы, Меңдіғалиева Мирамгүл, Берденгорова Лаура, Туғанова Жанаргүл, Жоламанова Гүлден, Сейтқалиев Дәурен, Бегимова Жанар, Сапарова Жадыра, Бисембаева Тоғжан, Боранбаев Аслан, Есқалиев Миржан, Баубекөв Шынарбек, Даулетқалиев Айтемір, Каберов Мейірбек, Джанғалиева Гаухар, Саймова Альбина, Габдеева Аида, Купиев Дархан, Жұмасалихов Силыхан, Гусманова Айнұр, Фризена Надежда, Кульжанов Данияр, Аубекеров Эльдар, Төлегенов Тұрар, Брманова Нұршат, Тасмағанбетова Сания, Хайруллина Зарина, Ибраев Абуғали, Калиев Дамир, Каресов Медет, Сейтақов Жанпейіл, Құлманбеков Айбек сынды студенттерге сыйлықтар мен әр студентке қабілетіне қарай аталым берілді.

Университеттің білімді де білікті студенттер қатарында көшбасшылық қабілеттерімен дараланғандарға марапаттауларды БҚМУ-дың тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы, БҚМУ мұражайының меңгерушісі Меңсұлу Қайыршақызы, Исатаев Мейрам Исатайұлы, Жакиев Нұрхат Қуандықұлы, Сүлейменов Мерген Қуанышұлы табыс етті.

Кеште дарынды студенттердің өнерлері тамашаланды. Ізгі тілектер тіленіп, қоштасу кеші қызықты өтті.



Бағдагүл, Биәшева Гүлсезім, Тамешев Тимур, Искали Данияр,



Гүлсезім БИЯШЕВА



15 маусым күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында бар ғұмырын ғылыми педагогикалық қызметке арнаған, университеттің қарыштап, дамуына өз үлесін қосқан, тарих ғылымдарының докторы, академик Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтың зейнет демалысына шығуына байланысты жиын болып өтті.

студенттердің толық білім алуына мүмкіндік жасай отырып, профессор-оқытушы құрамы мен ардагер ұстаздардың да



СҮЙЕР ҰЛЫҢ БОЛСА, СЕН СҮЙ, СҮЙЕНЕРГЕ ЖАРАР ОЛ

Жиынға университеттің профессор-оқытушы қауымы, ардагер ұстаздар, студенттер және ғалымның шәкірттері қатысты.

Терең білім мен берік ұстанымды, іскерлік қабілет пен үлкен азаматтық қасиетті ұштастыра білген Тұяқбай Зейітұлы 40 жылға толып отырған ғылыми педагогикалық еңбек жолында биік белестерді бағындыра білді. Тұяқбай

Зейітұлы - университет басшысы бола жүріп, Қазақстан тарихын зерттеуге, өлкетануға, жаңа буын ғалымдар даярлауға зор үлес қосқан, бірнеше ғылыми еңбектер жазып, іргелі нәтижелерге қол жеткізген ғалым әрі шебер ұйымдастырушы, мемлекеттік және қоғам қайраткері.

Сонау 1971 жылдан бастау алған еңбек жолы оқытушы, аға оқытушы,

доцент, факультет деканы, проректор қызметтерімен жалғасып, жауапкершілік жүгі ауыр университеттің ректоры міндетін 20 жыл абыроймен атқарған Т.З.Рысбеков білім ордасының еліміздегі іргелі оқу орындарының арасында айшықты орын алуына елеулі еңбек етті.

1991 жылдан оқу орнын басқару кезеңінде педагогикалық институтты алдымен гуманитарлық, кейін мемлекеттік университетке ұластыруда оқу ғимараттарын жөнге келтіруге, кафедралардың жасақталуына, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік, кадрлар құрамы жағынан нығаюы мен жаңа мамандықтардың ашылуына, дәрiсханалардың қазіргі заманға сай жабдықталуына,

жағдайларына жіті назар аударуы сынды көреген басшының ізгі істері осы кеште айтылды.

Университет тарихында салмақты да, салиқалы саясатымен сараланған Тұяқбай Зейітұлының білікті де іскер басшы бола білгендігі ұстаздар қауымы мен ардагерлердің, шәкірттерінің ізгі лебіздерінен, ыстық ықыластарынан байқалды.

«Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйенерге жарар ол», деп Абай атамыз айтпақшы, еріптестері зерделі, зиялы, іскер ұйымдастырушы ретінде бағалай жүріп, алдағы күнде де жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде арқа сүйеп, ғалым басшымен бірге еріптестіктерін жалғастыра бергісі келетіндіктерін жеткізді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жас ғалымдар кеңесі БҚО Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Тәуелсіз Қазақстан жастар көзімен» атты халықаралық жас ғалымдар форумын өткізді. Білім және ғылымды дамытудың жаңа бағыттарын іздеу, жас ғалымдарға қолдау көрсету, халықаралық ғылыми әріптестікті нығайту мақсатында өткен жиынға Батыс Қазақстан аймағы мен шекаралас Ресей Федерациясының жас ғалымдары, университеттің ғалым оқытушылары, студенттер қатысты.

арасындағы қосдипломдық білім беру бағдарламасын бакалавриат және магистратурада пайдалану, кітапхана және мұрағат қорларында еркін жұмыстануға мүмкіндік беретін келісімге қол қою, шекаралас аймақтардың жас

Тәуелсіз Қазақстан Жастар көзімен

Форум Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығы құрметіне арналды. 20 жыл уақыт ішінде елімізде білім және ғылым саласында түбегейлі өзгерістер белеңалды. Бұған 2011 жылдың 18 ақпанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы дәлел болады. Аталмыш заң индустриалды-инновациялық дамудың жаңа бағыттарын айқындап, халықаралық байланыстардың тереңдеуіне жол ашуда. Бүгінгі ғылым талабы да үлкен міндеттерді жүктеп отыр. Осыған орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Жас ғалымдар кеңесінің бастамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің, Қазақстандағы Ресей



Федерациясы елшілігінің қолдауына ие болды.

Форумда Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындары арасындағы әріптестік, Қазақстандағы PhD докторантура және

оны жетілдіру жолдары, жаһандану жағдайындағы инновацияның және ғылыми өнімді коммерцияландырудың рөлі жайындағы мәселелер талқыға салынды. Сондай-ақ, Қазақстан мен Ресей

ғалымдарының консорциумын құруы, оларға мүше тараптардың екі жылда бір рет кездесуі жөніндегі мәселелер қаралды.

Саялбек ФИЗЗАТОВ,
БҚО Жас ғалымдар кеңесі

Ғылыми кеңесте

Үстіміздегі жылдың 31 мамыр күні Ғылыми кеңесте М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Құрметті ректоры лауазымын енгізу мәселесі қаралып, тарих ғылымдарының докторы, академик Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтың кандидатурасы ұсынылған болатын. Осыған сәйкес 14 маусым күні кезектен тыс өткен Ғылыми кеңесте М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Құрметті ректоры атағы туралы Ереже бекітіліп, «Құрметті ректор» лауазымына М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, т.ғ.д., профессор Т.З.Рысбеков лайық деп танылды.

Маусымның 17 күні болған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің кеңейтілген ректоратында университеттің алыс-жақын шетел ЖОО-дарымен жасаған келісімшарттары: олардың кафедраларда орындалу барысы туралы (Ж.Т.Рысбекова) - халықаралық ынтымақтастық бөлімінің жетекшісінің есебі; Студенттердің білімін мемлекеттік аралық бақылаудың қорытындысы туралы (Ш.Ә.Аққалиева) - академиялық сұрақтар департаменті директорының ақпараты; Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің жұмысы туралы (О.В.Юров) - оқу-әдістемелік кеңесі төрағасының ақпараты тыңдалды.

20.05.2011 жылғы №9 кеңейтілген ректорат шешімдерінің орындалуы туралы, кредиттік технология бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудағы өзгерістер туралы ақпарат (жаңа ережелер негізінде), магистратурада білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудегі өзгерістер туралы (ҚР БҒМ №94 бұйрығы негізінде) ағымдағы мәселелер қаралды. Сондай-ақ білім дағдыларымен байқаулардан жүлдегер атанған төмендегі білімпаз жастар марапаттауларға ие болды.

Винница қаласында өткен IX халықаралық студенттер арасында веб-дизайн компьютерлік графика байқауында «3D анимация» номинациясы бойынша *Максим Донской* I дәрежелі дипломмен, *Яна Инютина* II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті АРТЕСН халықаралық ғылыми-білім орталығы өткізген балалар, жасөспірімдер мен студент жастардың II республикалық компьютерлік жұмыстар байқауында «трехмерная анимация» номинациясында *Анастасия Буян* мен *Яна Инютина* II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Орынбор – ресейлік дизайн астанасы 2011» бүкілресейлік фестиваль аясында халықаралық сәндік өнер көрме-байқауында «киім дизайны» номинациясындағы үздік жұмысы үшін *Юлия Пак* пен *Баян Дәулетова* марапатталды.

Қазақстан Республикасы IV жазғы универсиадасында БҚМУ ерлер командасы классикалық садақ атудан I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасы IV жазғы универсиадасында БҚМУ құрама командасы классикалық садақ атудан командалық II орын алып, дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасы IV жазғы универсиадасында *Старателова Юлия* классикалық садақ атудан I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қазақстан Республикасы IV жазғы универсиадасында *Сұлғығалиев Қазыбек* самбо күресінен 57 кг салмақ дәрежесінде I орын иеленді.

Қазақстан Республикасы IV жазғы универсиадасында *Шурлин Бауыржан* самбо күресінен 52 кг салмақ дәрежесінде III орын иеленді.

Айгүл НИЕТОВА,
ғылыми хатшы

23 маусым күні журналистердің кәсіби мерекесі «Баспасөз, теледидар және радио» күніне орай қаламыздағы А.Островский атындағы орыс драма театрында «Тәуелсіздік тұғырлары» атты облыстық форум өтті.

Журналистер мерекесінде

Форумда алғаш сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Ноғаев журналистерді кәсіби мерекесімен құттықтап, журналистиканың тарихы тереңде, сөздің құдіреті арқылы ақпарат тарату ерте заманнан бастау алған, ел басына қиыншылық туған уақытта да халықты алда жарқын болашақ барына сендіре білген де журналистер дей келе, БАҚ өкілдерінің қызметтеріне табыс тіледі. Бір топ журналистер облыс әкімінің, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі мен осы құрылымға қарасты департаменттің, облыстық мәдениет басқармасының алғыс хаттарына ие болды және ел тәуелсіздігінің 20-жылдығына орай өңір журналистеріне арналған «Қанатты қалам» байқауының жеңімпаздары анықталды.

Облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Т.Имашев басқарманың атынан «Талап», «Земля и люди», «Уральская неделя» газеті редакторларына және жастар арасында патриоттық сезім, салауатты өмір салтын берік насихаттап, жастардың діни білімін арттыру бағытында зор еңбек атқарып жүрген студенттік «Өркен» газетінің редакторы Шынтөмірова Гүлсая Қаримоллақызына алғыс хаттар табыс етіп, оларға шалқар шабыт, шығармашылық табыс тіледі.

Светлана БЕККУЖИЕВА



Елдімізді танытатын тұғырлы туымыз, еңселі елтаңбамыз және әуезді әнұранымыз ресми таңитқан күн - 4 маусым күні Сырым Датұлы ескерткішінің алдында Отанымыздың елжанды азаматтарының патриоттық тәрбиесін нығайту мақсатында қала әкімшілігінің қолдауымен облыстық IV патриоттар форумы өз жұмысын ашық деп жариялады. Шара барысында мемлекеттік нышандарды ұлықтау мақсатында жастар намысын жігерлендіретін жалынды сөздер айтылды. Облыс әкімінің атынан түрлі салада аянбай еңбек еткен азаматтармен азаматшаларға алғыс хат пен медальдар табыс етілді. Кеш барысы мәдениет өкілдерінің арнайы дайындаған концерттік бағдарламасымен ұласты.

Ағымдағы жылдың 6 маусым күні «Жалпы тіл білімі және аударма» кафедрасының ұйымдастыруымен, орыс әдебиетінің көрнекті өкілі, тоқсан сөздің түйінін тауып, оқырмандардың ерекше назарын аударған ақын А.С.Пушкиннің мерейлі жасы аталып өтті. Аталмыш шараға кафедраның аға оқытушылары, тәрбие бөлімі мен белсенді студенттер қатысты. Кафедра оқытушысы доцент Евстратовтың Пушкин туралы жасаған баяндамасы, өткен заман мен бүгінгі күнді салыстыра келіп, егер осы дәуірде дүниеге келсе қалайша ақын өмірі болатыны туралы ой толғады. Санаулы ғұмырында әдебиет қоржынын қарымы мол туындылармен байытқан Пушкиннің айрықша дарыны мен таланты әдебиет әлемінде дара және қайталанбас тип екенін айқын көрсетеді. Кеш барысында «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры С.Ғ.Шарабасов Абай мен Пушкин арасында рухани үндестік бар екенін пайымдап, өз заманының дүлдүлдері атанған екі алыпты шоқ жұлдыздарға теңеді. Кеш соңы «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерінің дайындаған ұлы ақынның туындыларын оқумен жалғасты. Ұлы ақынға тағзым ету мақсатында Пушкин ескерткішінің алдына гүл шоқтары қойылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2011 жылдың 14 маусым күнгі №5 хаттамасына сәйкес М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушылары З.Ж.Мүттеп пен Г.С.Умарова әдебиеттану мамандығы бойынша доцент атағын иеленді.



Р
К
Е
Н



№ 8 (866) МАУСЫМ 2011 ЖЫЛЫ





■ 4 маусым - Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні

Әрбір мемлекет үшін отаншылдық рухта тәрбие беру әрбір азаматтың мемлекетімізге, оның даңқты да қиын тарихына, алдағы болашағына өзінің қатысты екендігін сезініп, еліміздің мұң-мұқтаждарын ойлануынан басталады. Бұл міндеттің күрделілігін Елбасы нақты пайымдап, «...бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір отбасына қатысты. Ал, оны елдің Туын, Елтаңбасын, Өнұранын қастерлеуден, заңды өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн», - дейді.

Мемлекеттік рәміздер - тәуелсіздік тұмары

Өз тәуелсіздігімізге аяқ басқан кезеңде төл рәміздер дүниеге келді. Елбасымыз жаңа мемлекеттік рәміздерді қабылдауға зор мән берді. Мемлекеттік рәміздеріміздің ресми хатталуының да өз тарихы бар. Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 жылғы 4 маусым күні «ҚР Мемлекеттік туы туралы», «ҚР Мемлекеттік елтаңбасы туралы», «ҚР Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» тарихи заңдарға қол қойды.

4 маусым - мемлекеттік рәміздер күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ №3 оқу ғимаратында тарих және құқық факультетінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел болып өтті. Бұл жиынға университеттің профессор-оқытушы қауымы, студент жастар қатынасып, мемлекеттік рәміздеріміздің құндылығы жайында ой бөлісті. Қазақ елінің шынайы патриоты, елінің ертеңіне алаңдаған ұлтжанды азаматы болып қалыптасуына, олардың еліміздің мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсетуіне ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған жиында мемлекеттік рәміздеріміздің тарихы, олардың алатын орны, әрі олардың заң жүзінде қандай орындарда орналастырылу керектігі жайында сөз қозғалды. Студент жастар еліміздің мәртебелі рәміздері жайында оқытушылар Н.Тукешева, Т.Муттаировалардың баяндамаларынан қажетті ақпарат ала отырып, көкейлерінде жүрген сауалдар қойып, өз ойларын білдірді. Сондай-ақ кафедра оқытушылары Ж.Исмуралин, А.Байбосынова, Ж.Тастаева, факультет деканы Д.Б.Абулқасова өз ой-пікірлерін, ізгі тілектерін жолдады.

Мемлекеттік рәміздеріміздің төл тарихы жайында қазіргі күні жастардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Осындайда бүгінгі жас ұрпақ, келешек қазақ азаматтарының бойында ұлтжандылық, қазақтың тарих жолдары, ата-бабамыздан қалған аманат, салт-дәстүр, игі дәстүрді ұрпаққа жалғастыру сынды ізгі қасиеттер ертеңгі ел үшін ойлантпағаны ма деген ой да ойға оралады. Бүгінгі жас келешектің қамы үшін бабалар салған сара жолды сақтап, ел сенімін ақтайтын патриот тұлға болып қалыптасуына ең алдымен төл тарихымыздан ойып тұрып орын алған мемлекеттік рәмізді құрметтеуден басталады емес пе? Осы орайда, қазақстандық әрбір азаматтың жүрегі еліміз деп соқса, олардың жатқа білулеріне міндетті болып саналатын мемлекеттік рәміздеріміздің тарихына көз жүгіртсек.

Мемлекеттік рәміздеріміздің бірі - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні. Сөзін жазған: Нұрсұлтан Назарбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов.

Тудың ені мен ұзындығының ара-қатынасы - 1:2. ҚР мемлекеттік туының авторы — суретші Шөкен Ниязбеков. Біздің мемлекеттік туымыздың түсі — көк. Көк түс - аспанның белгісі. Бұл киелі түс - бірлік пен ынтымаққа шақырып, барлық халықтар үшін әрдайым тыныштық, бейбітшілік пен береке символына айналған.

Көк түс қазақ халқының ұлттық реңі деп саналады. Кезінде Түркі қағанаты (552-630 жж.), Хазар қағанаты (651-983 жж.), Ұлы Селжұқ қағанаты (1040-1157 жж.), Ақсақ Темір мемлекеті, Қазақ хандығының (1465-1737 жж.) бірқатар хандары мен батырлары көк асаба көтерген. Қазақ КСР-нің (1920 - 1991 жж.) мемлекеттік жалауында да шағын көк жолақ республиканың төл болмысының нышандық белгісі ретінде пайдаланылады. «Көк» сөзінің көне түркі тіліндегі бір мағынасы «шығыс», «шығыстық» деген ұғымға сәйкес келеді. Яғни, тудың түсінен белгілі бір нақты географиялық ақпарат алуға болады. Ол геральдика тілінде бүкіл әлемге Қазақстан жер шарының шығысында орналасқандығын, Ұлы дала өркениетінен бастау алатын, тамыры тереңде жатқан шығыс мәдениетінің өкілі екендігін баян етіп тұрғандай. Ал, күн бейнесі - байлық пен береке белгісі. Күн бейнесін салу арқылы қазақ елі өзінің жалпы адамзаттық құндылықтарға ортақтасығын және халықаралық қауымдастықтың бір бөлігі екендігін аңартып тұр.

Қыран бүркіт образы қазақ халқының ұлттық дүниетанымында еркіндік, бостандық сүйгіштік, ерлік, жоғары аңсар, жан дүниесінің кеңдігі, асыл мұрат, жүрек тазалығы сияқты адамгершілік асыл ұғымдармен астасып жатады. Ал, енді саяси тұрғыдан келсек, ол мемлекеттік тұтастық идеясын білдіреді.

Рәміздер саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендіктің бірегей белгілері болып табылады. Демек, мемлекеттік рәміздер - белгілі бір елдің өмір салтын, бүкіл болмыс - ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін белгі. Әр елдің мемлекеттік рәміздері географиялық, мәдени-тарихи және геосаяси жағдайларына байланысты қалыптасады.



Қазақ халқы мен мемлекеттілігінің дамуында қазақ жүздерінің тарихын бірге қарастыру қажет. Бұл үш категория (халық, мемлекет, жүз) тарихи даму толқынында қатар дамыды. Олардың әрқайсысының өз таңбасы болды.

Мемлекеттік рәміздерімізге шетелдік мамандар жоғары баға берген, сонымен қатар рәміздеріміз әлемдік каталогқа енген.

Ел тәуелсіздігі мен мемлекеттік рәміздер - егіз ұғым.

Кез келген ел тәуелсіздігін оның мемлекеттік рәміздерінен бөліп қарауға болмайды. Жас мемлекеттің жас астанасында және бүкіл республика аумағында елдің елдігін танытатын, отаншылдық пен патриоттық рухты оятатын, әр жүректе мақтаныш сезімін тудыратын нышандар өз дәрежесінде көрініс тауып отыр.

Мемлекеттік рәміздердің зор тәрбиелік мән-мағынасы бар. Жай ғана мысал, Олимпиада ойындарындағы өз спортшыларымыздың жеңісі кезіндегі мемлекетіміздің көк байрағының желбіреуі әрбір азамат үшін зор мақтаныш, үлкен эмоция тудырады. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздердің ұлттық патриотизмді және жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы қызметі, орны ерекше екені даусыз.

«Қоғамда Қазақстан - біздің Отанымыз, бұл ұғымға көп нәрсе кіреді деген қарапайым ойды қалыптастыру керек», - деп, атап көрсеткен Елбасымыздың сөзі терең ойдан туындаған пікір.

Қай ұлттан шыққанына қарамай, әрбір азаматтың парызы ең алдымен, біздің ортақ үйіміздегі достық пен келісім ахуалын қолдауы. Құрамындағы ұлттар мен ұлыстар саны біздегіден де көбірек гүлденіп отырған мемлекеттер аз емес. Бұл елдерде патриоттық сезімі ерекше жоғары дамыған, қоғамда мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау қалыптасқан. Мысалы, мектептерде сабақ басталғанда, мемлекеттік органдарда ант қабылдағанда, басқа да көптеген іс-шаралар кезінде Мемлекеттік Ту көтеріліп, Өнұран орындалады.

Қазақстандық патриотизм елдің нағыз патриоттарын қалыптастыратын құбылыс. Қазақстан патриоты, біріншіден, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне: Туына, Елтаңбасы мен Өнұранына ерекше құрметпен қарайды, мемлекеттік нышандарымызды шын ниетімен қадірлейді және оны басқалардан талап етеді.

Қазақ жұрты кіндік қаны тамған жерін, ата-баба әулетінің мәйіті жатқан жерді ерекше қадірлейді. Қазақ үшін атамекен - отанжанды пенде ретінде өмір сүруінің шарттық атрибуты. Сондықтан да халқымыз өз ата-мекенін, Отанын, өз халқын, өз тілін, өз мемлекетінің рәміздерін, салт-дәстүрін жүрекпен сүйе білген әрі ұрпағын да соған тәрбиелеген, баулыған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін орналастыру мен пайдаланудың тәртібін еліміздің Ата Заңы, атаулы Конституциялық заңы және басқа да нормативтік-құқықтық актілері айқындап белгілейді. Елтаңба Ұлттық Банкінің банкноттарында, монеталарда, мемлекеттік бағалы қағаздарында, азаматтардың төлқұжаттары мен жеке, туу туралы куәліктерінде, білімін кұәландыратын аттестаттар мен дипломдарда, мемлекеттік орган қызметкерлерінің куәліктерінде, т.б. мемлекеттік ресми қағаздарда таңбаланады.

Мемлекеттік Өнұран Президентті ұлықтау рәсімінде орындалады. Бұдан кейін мемлекеттік орындарда өтетін салтанатты жиындарда, мемлекет басшысының шет елдерге ресми сапары барысында, халықаралық спорт сайыстарының алдында, спортшыларымыз жеңіске жеткенде, т.б. мемлекеттік шаралар жағдайында шырқалады.

Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікті нығайту, патриоттық тәрбие ісі кешенді, терең көзқарасты талап етеді. Тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін ерекше қастерлеуіміз керек. Біз тәуелсіздікті, оның қадірін жете білген елміз. Мәңгілік көк аспанның астында көк туымыз мәңгілікке желбірей бергей.

В связи с подготовкой к празднованию 20-летия Независимости Республики Казахстан и с государственной программой «Триединство языков» среди студентов первых курсов неязыковых специальностей, изучающих казахский, русский и иностранный (английский, немецкий) как второй язык, в Западно-Казахстанском государственном университете им. М.Утемисова был проведен конкурс сочинений. Вниманию читателей газеты предлагаются творческие работы этих студентов.

Чего достиг за двадцать лет своей Независимости Казахстан?

Казахстан - динамично развивающееся государство. За двадцать лет своей Независимости Казахстан смог достичь той цели, которую не смогло добиться ни одно государство за сто или двести лет своей истории. У Казахстана большие природные запасы. Все элементы периодической системы Менделеева находятся на этой земле, которая раньше называлась Дешти Кипчак.

Казахстан - явный лидер среди стран СНГ. В Казахстане расположен запас урана и второй по уровню мощности бамбордировщик. Но Казахстан как развитое государство, дав пример другим развивающимся государствам, отказался от этих богатств, чтоб в Казахстане не повторился случай как в Украинском Чернобыльском

АЭС или Японском Фукусиме. Отказавшись от ядерного арсенала, Казахстан стал вечно зеленым государством.

По моему мнению, зеленый цвет - это цвет жизни, чистоты и уюта. Всю эту кропотливую работу выполнил наш Президент. На протяжении двадцати лет Казахстан возглавляет явный лидер своего дела Нурсултан Абишевич Назарбаев. Он был с Казахстаном в его горе и радости. В 1995 году Президентом был дан указ о строительстве новой столицы. И уже 1997 году столицей Независимого государства Казахстан стала Акмола, имя которой в 1998 году был переименован и называлась новая столица как Астана.

В Казахстане есть демократия. И это говорит о том, что Президент всегда прислушивается к мнению своего народа.

В 1999 году 1 марта была официально зарегистрирована новая Народно-демократическая партия «Нур Отан». «Нур Отан» стал символом единства, спокойствия и процветания внутренней и внешней политики Независимого государства Казахстан. Председателем главной партии НДП «Нур Отан» является действующий Президент РК Нурсултан Абишевич Назарбаев. На протяжении двадцати лет Нурсултан Абишевич уверенно и стремительно сумел вывести свое государство на высший ступень пьедестала. В 2010 году Казахстан стал председателем ОБСЕ. Став председателем такого масштабного сообщества, Казахстан помог подняться на ноги государству Приднестровия.

Я, как гражданин и патриот

своего государства, смотрю в светлое будущее своей страны вместе с лидером нации Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым. 3 апреля вместе со всеми буду участвовать в выборах на пост президента РК и дам голос своему лидеру. Не только я считаю его лидером. Наши отцы и матери верили и выбрали его, как сына своего народа, сумевшего вывести свой народ на мировой уровень. А президент верит в нас, в молодежь, желает, чтобы в Казахстане было много патриотов, любящих и уважающих свое государство. Я всегда поддерживаю и буду поддерживать своего лидера, как личность и лидера наций.

Айбар МУРЗАБЕКОВ,
студент 01101 гр.
(Химия)

KAZAKHSTAN - ONE OF LEADERS OF THE CIS COUNTRIES

For years of independence Kazakhstan has taken place as the sovereign state and the partner of the world community equal in rights. Today it is one of leaders on indicators of economic growth not only among the CIS countries, but also as a whole among the states with transitive economy.

Analyzing economic achievements of Kazakhstan for years of independence, it is possible to tell with confidence that the republic has chosen strategically correct way. National economy and democratic processes dynamically develop. Since 1999 in Kazakhstan manufacture of real gross national product has a steady tendency of growth. On the average during the last years growth of this indicator has made more than 10 %, having reached 9738,8 billion tenge. Thus gross national product per capita makes today 5185 US dollars. It is one of the highest indicators among the CIS countries.

In industrial sector an important place occupy the processing and mining industry. Volumes of output of power resources thus increase. Kazakhstan has reached growth of this indicator in 7 % and, according to statistical committee of Commonwealth, has taken among the CIS countries the third place after Azerbaijan and Belarus. Thus our country, possessing 3,2 % of the universal

reconnoitered stocks of oil and 1,5 % of natural gas, became one of the largest oil powers of the world. Kazakhstan is included also into ten the largest world manufacturers and exporters of coal.

The high gain of manufacture of agricultural production in Kazakhstan has been provided including at the expense of grain crops. So, high-quality Kazakhstan wheat of firm grades is especially appreciated in the world markets.

The important factor of economic development is the financial sector of republic. By estimations of the international experts, level of its reforming advances many states CIS. In the country essentially new and modern two-level bank system operates.

According to the annual report of the World bank on a condition and degree of a freedom of enterprise in 145 countries of the world, Kazakhstan on an index of protection of investors is in 5th group where concern also Germany, Denmark, New Zealand, Switzerland, Singapore and

Georgia that is the best indicator among the CIS countries.

It is necessary to notice and that fact that Kazakhstan is a leader among the CIS countries in reforming of system of public service. Such achievements of our state as the modern legislation answering to the international standards on public service, including procedure of selection of candidates, system of improvement of professional skill of civil servants, now are actively adopted by other countries, and not only the CIS.

Today Kazakhstan has chosen model of development of competitive economy with the priority branches having high economic potential. Solving a strategic problem of occurrence in structure of 50 most competitive states of the world, the country first of all aspires to solve questions of development of a science, innovations, social sphere and creation of the adequate business environment promoting effective functioning of business in republic.

The attention of heads of the states and the governments of the

modern world is concentrated to Kazakhstan as on one of the perspective centers of world economy and a policy. The role of our country especially increases in advancement of economic interaction in the central-Asian region.

Thus, the countries put by the president strategic problems, and also acceptance by the government of republic of measures on their realization testify that in Kazakhstan serious work on an economy diversification, its structural reorganization, qualitative break in all perspective directions of development is spent.

These factors should provide cardinal improvement of quality of life of our people, create possibilities for positive change of living conditions and increase of a standard of living of the population.

I am a first-year student of economic faculty. In my composition I tried to write about economic achievements of Kazakhstan for years of independence. I am proud of my country and love it very much!

Карлыгаш ТУРДАГАЛИЕВА,
студентка 09102 гр.
(Финансы)



Р
К
Н



№ 8 (866) МАУСЫМ 2011 ЖЫЛЫ





Мұражай – халық өмірінің айнасы, өткені мен бүгінгінің айғағы іспетті қасиетті орын. Тарихтың талай қиын-қыстау кезеңінде халық басынан кешірген өмір шындығы, ел тағдыры таразыға түскен шақтарда етігімен су кешкен ұлтының ұлы азаматтарының құнды естеліктері, халық өмірі мен өнерінен сыр шертер тарихи жәдігерлер, фотошежірелер ұлттық құндылықтың Отаны - мұражайда ғана мәңгілік сақталып, тірі тарихқа айналары ақиқат.

Жас ұрпақ бойында ұлтжандылық қасиет пен елжандылық рухты ұштау мақсатында білімнің қара шаңырағы, көненің көзі ретінде бағалы университетімізде арнайы университет мұражайы құрылған болатын. Университет мұражайы жоғары оқу орнындағы идеологиялық, ғылыми-ағартушылық құрылым болып табылады. Мұражай идеологиялық жұмыс жүргізуде үлкен маңызға ие, сонымен қатар университет ұжымы мен студент-жастарға рухани-эстетикалық тәрбие берудің орталығы болып есептеледі. Тарихи құжат-материалдар, экспонаттар арқылы жас ұрпаққа, яғни студент жастарға рухани-эстетикалық тәрбие беру, олардың бойларына патриоттық сезім ұялату, мамандығын терең түсіну үшін, кәсіби қызметінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген адамдарды тану және патриоттық сана қалыптастыруда университеттің бай тарихын насихаттау, тұлелердің жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасауды басты мақсат еткен университеттің орталық мұражайы тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуде жемісті қызмет атқарып келеді.

Университеттің қалыптасу кезеңдері мен тарихын, профессор-



оқытушылар ұжымының ғылыми біліктілік, тәрбиелік жұмыстарымен қатар университеттің халықаралық дәрежедегі марапаттары мен студенттердің жетістіктерін бейнелейтін мұражайдың қазіргі таңдағы қызметі – құжаттар жинақтау, экспозициялар орналастыру, мұражай қорын толықтыру, өңдеу, сынақтан өткізу, құжаттау, сақтау және жеке тұлға, қоғам, мемлекет сұраныстарына сәйкес оқитудың жаңа технологияларын пайдалану және жоғары білімді мамандарды дайындауда студенттермен білімділік-тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру болып табылады.

Университет мұражайының жемісті жұмыс жасап келе жатқан 4 филиалы бар:

Әскери-тарихи;

Профессор М.М.Тілеужанов атындағы этнографиялық мұражай;

Археологиялық мұражай;

Зоологиялық мұражай.

Университет ректоры, академик Тұяқбай Зейітұлының бастамасымен ашылған әскери-тарихи мұражай жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруде, отансүйгіштік сезім мен елжандылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұражай меңгерушісі Ұлы Отан соғысының ардагері, БҚМУ профессоры П.Р.Букаткин жетекшілігімен мұражай жұмысы одан әрі жандануда. Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастыру, студенттердің ғылыми конференцияларында дөңгелек үстел өткізу дәстүрге айналған. Өткізілген экскурсиялардың тақырыптары: «10 мстам боевой славы», «Ближний тыл Сталинградского фронта», «65 лет Сталинградской битвы». Әскери-тарихи мұражайда Ұлы Жеңістің 65-жылдығына орай «Сталинградская битва – переломный момент Великой Отечественной войны» панорамасының презентациясы болды.

Тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі проректоры Т.М.Даришеванов, мұражай меңгерушісі М.Қ.Есикенованер, БҚМУ профессоры П.Р.Букаткиннің, суретші-дизайнерлер, соның ішінде М.Т.Отаров пен дарынды мүсінші С.Кульбековтың, оқу және графикалық жобалау зертханасының жетекшісі Н.А.Жүсіпқалилардың қолдауымен «Жорықтар мен ұрыстарда» атты жаңа экспозиция және әскери кафедраның меңгерушісі болған, майор Петр Иванович Гусактың құрамындағы 312-ші атқыштар дивизиясы мен 152-ші атқыштар дивизиясының ерліктерін баяндайтын диаграмма дайындалды.

«Қазақ филологиясы» кафедрасының жанында профессор М.М.Тілеужанов негізін қалаған этнографиялық мұражай күміс зергерлік бұйымдардың мол қорымен, сан алуандығымен студенттер мен оқытушылардың көңілінен шығуда. Оның қор сақтаушысы – Ф.Ж.Исатаева. Халқымыздың алтын қоры мәдениеті мен дәстүрі, даналықтың қайнар көзі және өнері әдемі көрініс тапқан мұражайда 254 экспонат, оның ішінде өткен ғасырдың басында жазылған араб тіліндегі кітаптар, күміс зергерлік, тұрмыстық-мәдени бұйымдар бар. Аталмыш мұражайда университет, колледж студенттеріне және мектеп оқушыларына әрдайым экскурсиялар, сонымен қатар университет ардагерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Тарих факультетінде орналасқан археологиялық мұражай, оның қор сақтаушысы – Г.Т.Мұқтарова. Бұл мұражай экспонаттары студенттер мен оқытушылардың жазғы экспедиция уақытында табылған бұйымдарынан тұрады. Барлығы 390 экспонат, осы мұражайдың негізін қалаған тарих ғылымдарының докторы Б.Ф.Железчиковке және тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ғ.А.Кушаевқа арналған стендтер жасалған. Бұл археологиялық мұражайда «Мұражай түрлері және профилі, мұражай қорлары және оларды іріктеп жинақтау» дәріс сабақ (Клышев Е.Е., археолог), «Жайық өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштерінің зерттелу тарихы» атты дәріс сабақ, сонымен қатар мұражайда университет, колледж

БҚМУ айнасы

студенттері мен мектеп оқушыларына экскурсиялар, кездесулер және дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Зоологиялық мұражай жаратылыстану бөлімінде орналасқан, оның қор сақтаушысы – В.В.Пашаева. Бұл мұражайда 175 құстар мен жануарлардың тұлпыптары, оның 17-сі ҚР-ның Қызыл кітабына енген, 82 қорапша жәндіктер коллекциясы сақталуда. Батыс Қазақстан облысы өңіріндегі жануарлар әлемін жетік меңгеру және оны зерттеу мақсатында өткізілген экскурсиялар: «Батыс Қазақстан облысы жануарлар әлемі және оны қорғау», «Батыс Қазақстан облысы жануарлар әлемінің биологиялық көп түрлілігі», «Қазақстан Республикасындағы Қызыл кітапқа енген құстар», «Жануарлар және құстар экологиясы».

Университеттің профессор-оқытушылар ұжымымен тығыз байланыс орнатып, олармен бірлесіп жұмыс жасауда, университеттің қоғамдық өмірінде, жастарға патриоттық тәрбие беруде университеттің орталық мұражайы белсенді қызмет атқарып келеді. Жыл сайын дәстүрлі түрде I курс студенттеріне арналған университет тарихынан мол мағлұмат беретін «БҚМУ тарихы», «Білім ордасының баға жетпес мұрасы», «Университеттің жетістіктері» тақырыбында экскурсиялар ұйымдастырылады. Мұражай меңгерушісі - Меңсұлу Қайыршақызы Есикенова. Жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыруда, студент-жастарға рухани-эстетикалық тәрбие беруде бірқатар жұмыстар атқарып, тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өткізуде Меңсұлу Қайыршақызының еңбегі орасан. Университет мұражайында рухани және патриоттық тәрбиені қалыптастыру үшін Ұлы Отан соғысы, тыл және еңбек ардагерлерімен, ұлағатты ұстаздармен кездесу кештері кәсіп өткізіліп келеді. Атап айтсақ, Қарасай Тұрашев, Халам Сүйеншалиев, Мұхтар Әжіғұлов, Шәңде Жұмағазиева, Меруерт Жолдықайырова, Разак Абузяров сынды Ұлы Отан соғысы және тыл, еңбек ардагерлерімен, М.М.Фартушина, Т.А.Терещенко, Қ.И.Исмағұлов, С.Ф.Шарабасов, Ж.С.Сырым, А.А.Космосова, Ж.Ө.Рахимова, З.Ж.Жұбаншыева тәрізді өз мамандығының майталман шеберлерімен өткізілетін тағылымға толы кездесу кештері университеттің мәдениеті мен руханиятын арттыруда. Меңсұлу Қайыршақызының тікелей жетекшілігімен университетте өткізілген конференция, форум, мейрамдарда дайындалған көрмелер өзінің мағыналы әрі мазмұндылығымен ерекшеленіп тұрады. Білім ордасына келген қонақтарға университет тарихынан сыр шертетін арнайы экскурсиялар жүргізіледі. Мұражай университетіміздің барлық кафедра оқытушыларымен, кураторлармен, жастар даму орталығының мүшелерімен тығыз байланыста бірлесіп жұмыс жасауының арқасында мұражайға деген ерекше құрмет сезімі қалыптасқан. Студенттердің тұлға болып жетілуіне өз үлесін қосып, танымдық шаралар арқылы тәлім-тәрбие беріп жүрген Меңсұлу Қайыршақызына студенттердің айтар алғысы шексіз.

Университет айнасы атанған мұражайға, оның филиалдарына алдағы уақытта толағай табыстар тілей отырып, университет мұрағаты жылдан-жылға профессор-оқытушылардың, студенттердің жетістіктерімен толыға берсін дегіміз келеді.

Өз тілшіміз

МНОГОЗНАНИЕ УМУ НЕ НАУЧАЕТ

Это мудрое изречение принадлежит Гераклиту Эфесскому-древнегреческому философу-досократу, жившему в 544—483 гг. до н. э. Почему это так, можно понять, выяснив суть термина «познание».

По классификации американского ученого Bloom B.S. выделяют несколько категорий познания: знания, восприятие, применение, анализ, синтез, оценка. Каждая из них имеет специфическую характеристику.

* Знания позволяют воспроизвести факты, перечислить названия изучаемых явлений и предметов. Здесь все основано на воспроизведении запомнившейся информации.

* Восприятие – категория, характеризующая понимание информации, ее сути, способности воспроизвести запомненный материал своими словами.

* Применение – это способность использовать информацию, методы, теории, концепции в реальных условиях, ситуациях.

* Анализ – это умение видеть закономерности, распознавать скрытое значение, различать компоненты.

* Синтез – это умение использовать старые идеи для генерации новых, обобщать данные факты, сопоставлять знания из различных областей.

* Оценка – это умение сравнивать и противопоставлять идеи, оценивать значимость теорий и докладов, делать выбор, основываясь на логичных рассуждениях, распознавать субъективность.

Современное образование должно качественно отличаться от того, что было и, к сожалению, все еще остается в образовательных учреждениях нашей страны. Оно, в основном, носит знаиывый характер. То есть идет преимущественное развитие трех категорий: знания, восприятия, применения. Вместе с тем поставленная Президентом Казахстана задача по формированию интеллектуальной нации должна быть реализована, а это значит, что система образования должна готовить людей с высоким интеллектом. В образовательных учреждениях страны большее внимание должно уделяться развитию категорий анализ, синтез, оценка, лежащих в основе понятия «интеллект».

Инструментом оценки современного уровня образовательной подготовки служат, в частности, тестовые задания для определения степени развития категорий познания. В ряде развитых стран, в частности, Израиле, выпускники школ в обязательном порядке должны сдавать психометрические тесты, которые позволяют определить уровень развития отмеченных выше категорий познания.

В нашем университете систематически проводится психометрическое тестирование студентов университета, обучающихся по различным программам. В этом учебном году в нем приняла участие 673 студента, т.е. 20,7% от общего контингента студентов очной формы обучения, проходящих обучение на русском и казахском языках.

Каждому из тестируемых студентов было предложено ответить на 30 тестовых заданий, включающих вопросы по оценке степени развития таких категорий как знания, восприятие, применения, анализ, синтез, оценка.

Всего было обработано 20190 ответов. Результаты представлены на рис.1




Рис. 1 Значение категорий познания по результатам психометрического тестирования у студентов ЗКГУ им.М.Утемисова (в %)

В частности студенты ЗКГУ правильно ответили на 81,6% тестов по категории знания, 32,9% по категории восприятие, 38,8% по категории применение, 19,7% по категории анализ, синтез и 24,3% по категории оценка. Сравнительный анализ успешности

обучения с предыдущим учебным годом свидетельствует, в целом, об улучшении результативности образовательного процесса. В частности, по сравнению с 2009-2010 учебным годом рост числа правильных ответов по категории знания составил 32,8%, по категории применение – 16,8%, по категории оценка – 14,8%. Вместе с тем по категории восприятие отмечено снижение количества правильных ответов на 25,6%, а по категории анализ и синтез на 16,5%.

Сопоставляя, в целом, результаты тестирования за 2 последних учебных года, следует отметить, что если процент правильных ответов на тестовые задания в 2009-2010 учебном году составлял 35,14%, то в 2010-2011 учебном году он достиг 39,46%.

Сравнительный анализ результатов тестирования в разрезе институтов/факультетов свидетельствует о том, что наиболее высокие результаты у студентов филологического факультета. Процент правильных ответов по всем категориям познания составил 40,86%. Наиболее низкий процент правильных ответов по всем категориям познания у студентов института экономики и управления – 36,78%.



Рис. 2 Процент правильных ответов на тестовые задания по категориям познания у студентов институтов/факультетов ЗКГУ

Сопоставляя результаты психометрического тестирования студентов по отдельным программам обучения, необходимо отметить, что на протяжении нескольких лет наиболее высокие результаты демонстрируют представители таких программ, как «Информатика», «Физика», «Переводческое дело», «2 Иностранных языка». Что касается студентов, демонстрирующих наиболее низкие показатели, то они обучаются по программам «КДР», «Экология».

Следует отметить, что среди студентов нашего университета есть такие, которые имеют высокий потенциал. В частности хорошие результаты по психометрическому тестированию показали студентки группы 03103 «Переводческое дело» Крючникова О., набравшая 21 из 30 баллов, Кульчикова А. – 22 балла. Студентка группы 07106 «Международные отношения» Мухамедянова А. – 21 балл.

Подготовка конкурентоспособных специалистов с высшим образованием предполагает такую направленность обучения, которая способствовала бы развитию востребованных на рынке труда качеств. Прежде всего, это умение генерировать идеи, принимать решения на основе фактов, осуществлять логические умозаключения, то есть демонстрировать все те качества, которые лежат в основе формирования творческой личности. Востребованность креативной личности в настоящее время очень высока, поскольку переход государства к инновационной экономике невозможен без подготовки кадров соответствующего уровня. Задачей современного специалиста высшей квалификации является не репродуктивный подход к решению стоящих вопросов, а креативный, позволяющий фундаментально подходить к разрешению любых ситуаций.

Следует отметить, что в нашем университете заметны результаты работы в этом направлении, однако предстоит сделать еще немало, чтобы на равных конкурировать с Гарвардом, Оксфордом, Кембриджем. Полагаю, что одному из старейших и авторитетнейших вузов Казахстана это по плечу.

Владимир МЕЛЬНИКОВ,
директор АЦ, доцент



**Д
К
Н**



№ 8 (866) МАЙСЫМ 2011 ЖЫЛЫ





■ Қоғам және жастар

Қазақстан Республикасының Парламенті 2010 жылғы 23 қарашада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен Қылмыстық кодекстің 175 (ұрлық), 178 (тонау), 181 (қорқытып алушылық) баптарының бірінші бөліктері, яғни негізгі құрамдары бойынша көрсетілген іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылыққа 16 жастан бастап тартылатындай етіп өзгерістер енгізді. Бұған дейін бұл қылмыстардың бірінші бөлігі үшін жауаптылық 14 жастан басталатын еді. Ал екінші, үшінші бөліктері, яғни адамдар тобы, бірнеше рет немесе ірі мөлшерде (500 айлық көрсеткіш), үй-жайға кіріп істелсе, жауапкершілік бұрынғыдай 14 жас болып қалдырылды. Бұл өзгертулер қылмыс жасаған көмелетке толмағандарға ізгілік (гуманизм) қағидасын қолдануды көздейді.

Мен құқықтанушы ретінде қазіргі кезеңде қылмыстық статистика көрсетіп отырғандай, елімізде көмелетке жасы толмағандар қылмыстылығы өршіп, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зор кеселін тигізіп, алаңдатушылық тудырып отырған кезде бұл өзгерістер төңірегінде талас тудыратын мәселелер бар деп түйіндеуіме негіз бар. Гуманистік қағиданың негізінде мемлекеттің қылмыс жасаған адамға жеңілдіктер жасау туралы көзқарасы емес, негізінен қылмыс жасаған адам мен мемлекеттің арасында бірін-бірі сыйлаушылық бағытын ұстану жатады. Гуманизм қағидасын қылмыс жасаған адамға жеңілдіктер жасау деп біржақты түсінуге болмайды. Бұл қағиданың мазмұнында қылмыскердің қауіптілігіне қарай қаталдықты

В

қолдану арқылы қоғам үшін дұрыс, ізгі қатынас жасалады деген ұғым да жатады. Сондықтан да ізгілік тек қылмыскерлерге ғана емес, жәбірленушіге, жалпы қоғамға да қатысты қолданылуы қажет.

Қылмыскерлерге гуманизмді қолдануды құлтарлық фактілер деуге болар еді, алайда «айдың да ақ жүзінде дақ болады» демекші, өмірдегі кейбір жағымды әрекеттер мен жетістіктердің арғы жағында кейіннен «әттеген-ай» дегізетін, пайдасына зияны жалғаса жүріп, сол жетістіктерімізді кемшілікке айналдыратын жайлардың да болатындығын ескеруіміз керек сияқты. Аталған қылмыстар үшін жауаптылықтың 16 жастан емес, бұрынғыдай 14 жас боп қалдырылуы жөн деуімнің себептеріне тоқталсам.

Біріншіден, бұл қылмыстық әрекеттер көмелетке толмағандар арасында өте көп таралған. Сондықтан, олардың жиынтығы қоғамға айтарлықтай зор қауіп туғызары сөзсіз.

Батыс Қазақстан облысы бойынша Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу басқармасы мен Облыстық ІІД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы көмелетке толмағандар ісі бөлімінің мәліметі бойынша 2010 жылы көмелетке толмағандардың 285 қылмысы тіркелген. Ол 2009 жылға қарағанда 19,7%-ға өскен. Бұл облыстағы жалпы қылмыстылықтың 8,1%-ын құрайды, яғни әрбір 10-12 қылмысты көмелетке толмағандар жасайды деген сөз. Бұл көрсеткіштер тек тергеуден өтіп, сотқа берілгендері ғана, ал әртүрлі себептермен тіркелмеген (латентті) қылмыстар мен сотқа жетпегендерді қоссақ, оның бірнеше мәрте жоғары болатындығы анық.

Криминологтардың зерттеулері бойынша қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің жартысын көмелетке толмағандар 16 жасқа дейін істейтін көрінеді. Ал әрбір төрт қылмыстың біреуін 14 жасқа дейінгілер жасайды екен. Бұл жағдай біздің БҚО-ның көмелетке толмағандарының қылмыстылығына да көрінеді.

Көмелетке жасы толмағандар жөнінде тіркелген 285 қылмыстың 132-сін 16 жасқа толмағандар жасаған. Соның ішінде меншікке қарсы 248 қылмыстың 102-сін 16 жасқа толмағандар жасаған. Оның 65-і ұрлық, 25-і тонау, 3-і қарақшылық, 4-і қорқытып алушылық, 13-і алаяқтыққа жатады. 16 жасқа толмағандардың жасаған 65 ұрлығының 29-ы, 25 тонаудың 5-і, қорқытып алушылықтың 2-і бірінші бөлікте көрсетілген қылмыстарға жатады екен.

Екінші себеп, 14 пен 16 жас аралығындағылар ұрлық, тонау, қорқытып алушылық қылмыстарының зиянды, қауіпті әрекеттер екендігін, оларды істеуге болмайтындығын жақсы түсінетіндігі.

Қазақстанда психолог, психиатр, педиатр, педагог және заңгер мамандардың тұжырымдамасына байланысты 14 жасқа толған жасөспірімдер өздерінің кейбір қарапайым немесе ауыр, аса ауыр қылмыстық іс-әрекеттері (адам өлтіру, денеге зиян келтіру, зорлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, тағылық (вандализм) т.б.) үшін жауап бере алатындығы жөнінде тоқтамға келген. Сондықтан, 14 жасқа толған есі дұрыс әрбір адам ұрлау мен тонауға болмайтынын, ол бөтен адамдар үшін зиянды әрекет екендігін жақсы түсінеді, әйтпесе олар ұрлықты жасырын жасамас та еді немесе тартып алмас та еді.

Жасөспірімдерді ерте бастан қылмысқа итермелейтін келеңсіз жайларды бейтараптандыру мәселелері әлемнің барлық елін толғандырып отырғаны белгілі.

Соңғы бес жылда Еуропа елдеріндегі көмелетке толмағандар қылмысы 40%-дан 70%-ға өскен. Шетелдік криминологтардың

есебіне қарағанда, 10-18 жас аралығындағы қылмыскерлердің негізгі тобы 10-14 жастағыларға келеді екен. Бұларға тиісінше шара қолдану қажеттілігі шетелдік заң шығарушыларды жоғарыдағы топты қылмыстық-құқықтық ерісте қалдыруға мәжбүр етіп отыр. Мысалы, Англияда жылына 10-11 жастағы 500-600 жасөспірім қылмыстық жауапқа тартылса, 12-14 жастағылар саны 8 мың болған, ол көрсеткіш жыл сайын өсе түсетінін көрсетеді. Мұндай келеңсіз жағдай қыз балалар арасында да етек алып отырғаны байқалады.



12-14 жас аралығында сотталған қыз балалар саны соңғы жылдары екі есе артқан. Сондықтан, ағылшын заң шығарушылары 10 жастан бастап қылмыстық жауапқа тартуды көздесе, Францияның қылмыстық кодексінде – 13, Нидерландыда, Португалияда – 12, Жаңа Зеландия мен Уельсте – 10, Шотландияда – 8, Ирландияда қылмыстық жауаптылық 7 жастан басталады екен.

Қылмыстың жасару үрдісі бізде де орын алып отыр. 2010 жылғы БҚО-дағы көмелетке толмағандар қылмысының статистикасына үңілсек, 11 жасқа дейінгі 11 адам, 12-13 жастағы-26, 14-15 жастағы-53, 16-17 жастағы-97 адам қылмыстық әрекетке барған.

Албырттық, қатыгездік, тез топтаса қою, дау-жанжалға бейім тұру, өзін көрсетуге ұмтылу, адамның өмірі мен денсаулығын құндылық деп есептемеу, ересектерге еріп кетуге бейім тұрушылық жасөспірімдерді қылмыстарға жетелейді.

Үшінші себеп, жоғарыда аталған қылмыстарға 14 жастан жауаптылықтың болуы көмелетке толмағандардың болашақта бұдан да ауыр қылмыстарының алдын алу, сақтандыруларға жол ашады. Криминологтардың зерттеулеріне қарағанда, өзінің қылмыстық әрекеттерін ерте жастан ұрлықтан бастағандардың 70-80%-ы кейін қылмыстың ауыр түрлеріне баратын көрінеді. Соңғы кездері көмелетке толмағандар тарапынан адам өлтіру, қасақана дене жарақатын салу, әйел зорлау, бұзақылық, қару-жарак, есірткі сату, алаяқтық, компьютерлік қылмыстар кең етек алуда. БҚО – ның жасөспірімдер қылмыстылығының 5%-ы онша ауыр емес, 66%-ы орташа ауыр, 25%-ы ауыр және 3-5%-ы аса ауыр қылмыстарға жатып отыр. Олардың қылмыстылықтары ересектерге ұқсап барады.

Криминологиялық зерттеулердің нәтижесі көрсетіп отырғандай, қоғамға жат іс-әрекеттер жасаған көмелетке толмағандардың 70%-ы өзінің қылмыстық ортасына қайта оралады екен, бұл жағдай олармен қандай да бір сақтандыру шараларын жүргізуде қиындықтар тудыруда.

Көмелетке толмағандардың қылмыстық іс-әрекеттерін елеусіз қалдырмай, жауаптылыққа тартып отырмаса, одан да зор қылмыстарға деген ниеттері күшейе түсері белгілі. Қылмыстық құқық іліміндегі қылмыс істеген әрбір адамның қылмыстық жауаптылықтан құтылмайтындығы қағидасы әр кезде де қатаң сақталуы қажет. Мен бұндай қылмыстарды жасағандарды қатаң жазалап, бас бостандығынан айыру керек деуден аулақпын, бірақ олар қылмыстық заңнамада көрсетілген бас бостандығынан айыруға жатпайтын жазалар мен тәрбиелік мәні бар ықпал ету шараларына тартылуы тиіс. Қайткенде де, оларды басынан сипамай, істеген әрекетінің заңды зардаптарын сездірту қажет.

ҚР Конституциясында көрсетілгендей, мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген. Елбасымыз айтқандай, «меншік – адамдардың қазынасы, ол сенімді қорғалуы қажет». Олай болса, адамдардың мүлкітік құқығына қол сұғушылар қылмыстық жауаптылықтан құтылмайтындығын, қолмен істегенді мойнымен көтеретіндігін ерте бастан сезіп, біліп жүрулері керек деп білемін.

Жұмабай НӘБИҰЛЫ,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Құқықтық пәндер» кафедрасының доценті, отставкадағы милиция полковнигі

«Үяда не көрсең – ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бала – ата-анасының, отбасының айнасы.

Десек те, қазір сол айнаға қараған сайын жан ауыртар жағдайлар көп кездесетін болып барады. Мұндай-да «Бетің қысық болса, айнаға өкпелеме» деген сөз еріксіз еске түседі тағы. Қоғамның, қоршаған ортаның бет-бейнесін жасайтын адам, заманның да, уақыттың да иесі сол. Сосын да біз, адамдар бойынан өзіміз күткен кісілікті көре алмаған кезде «заманына қарай» деп заманды неге кінәлаймыз деген сауал да ойға келеді.

Балаға байқам болсақшы

Ата-аналарымыз қай заманда болсын тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл бөлген және ұл мен қыздың тәрбиесіне екі бөлек қараған. «Қызың өссе – қызы жақсымен, ұлың өссе – ұлы жақсымен ауылдас бол» деген де біздің бабаларымыз. Осы сөздердің тамырына үңілсек, тәрбиенің ананың құрсағынан, әже әлдінен, ата ықыласынан, әке алақанынан басталатынын аңғару қиын емес.

Сонда балалар жағымсыз мінезді қайдан жұқтырады?

Қазір тәлім-тәрбие төңірегінде әңгіме айтыла қалса, тіпті баласының бойындағы кемшілікті мектеп пен мұғалімнен, қоршаған орта мен теледидардан іздейтін де ата-аналар кездеседі. Ал сол теледидардағыны қабылдайтын, мұғалімге еліктейтін кезеңге дейінгі тәрбиеге жауаптыны қайдан іздейміз?

Қазір жұмысбасты ата-аналар таң атқаннан кетіп, кеш батқанда үйіне оралады. Шаршап-шалдығып келіп кейбірінің тәрбие ісімен айналысуына уақыты да, құлқы да бола бермейді. Сондықтан да еркі өзінде қалған бала ойына не келсе, соны істеуге бейім. Күні бойғы «тәлім-тәрбиешісі» - теледидар, одан қалса, екі құлақты тарс жауып тастайтын шетелдік мән-мағынасы, жүйке тоздырудан басқа пайдасы жоқ музыкасы, санасын санға бөлер компьютер мен

автоматты ойындар...Бүгінгі көп баланың «ермегі» осы.

Ата-ана баласын бек сеніп тапсырған мектептегі тәлім-тәрбие жұмысының да төрт құбыласы тең емес, оқушылар бұрынғыдай қоғамдық жұмыстарға тартылмайды да. Бос уақытта әр нәрсеге еліктегіш келеді. Сондықтан жасөспірімдер арасында қылмыс көп, есірткіге, арақ-шарапқа, шылымға құмарлары да аз болмай тұр. Ал, бұл дегеніңіз, келешегіміз деген жастарымыздың өміріне, алға қойған мақсат-мұраттарына кері әсерін тигізері хақ.

Төңіректен түңілген сәттерде қолымызға алып жүгінетін Абайдың оныншы қара сөзінде бала, бала тәрбиесі туралы кеңінен айтылады. Онда «Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік» делінген. Баламыз жанымызға күйік түсірмес үшін біз тәрбие деген төңірді естен шығармауымыз керек. Қызға да, ұлға да қырық үйден тыю керек уақыт қазір. Үлкендер кемшілігі көп, кішілігі жоқ деп жастарымызға көбірек өкпелейді. Ал сол қасиеттер үлкендердің бойында бар ма? Ең алдымен үлкендер жағы осыны көбірек ойласа екен дегім келеді.

Тағы да Абай атамызға жүгінсек: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, мұны берем» деп. Баста балаңды

алдағаныңа мәз боласың. Соңы... балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Боқта» деп біреуді боқтатып, кәпірқияңқы, осыған тимендерші деп, оны масаттандырып, өбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болды деп, қу, сұм бол деп, пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп тірі жанға сендірмей, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?!», дейді. Қазірде бір-бір отбасының «төрелері» Абай айтқандай тәрбиеленіп жатқанында ешкімнің таласы жоқ. Әрине, көздің ағы мен қарасындай екі-үш баланы еркелетпегенде қайтеміз дейтін боларсыздар. Бірақ, осы еркін еркеміздің ертеңін де бүгін ойласақ, қане. Шынымен де ойланып көрейікші.

Өз тілшіміз

1 маусым — балалар күні!

Табиғат деген - жер Ана,
Балалар, оны бағала!
Табиғат деген - туған жер,
Қорғайды оны барлық ел,

Аспанда тек күн күлсін,
Күлсін жерде бүлдіршін,
Өмірде «ойнап көрсем» деп,
Бүлдірсе, солар бүлдірсін.

Сәбисіз дүние-қапырық
Күлмейсің күлкі шақырып.
Бақытты барлық шаңырақ
Бал үнмен таңын атырып.

Ақзер СИСЕНОВА,
БҚМУ орталық диспетчерлік
қызметкері

Адам боп өмірге келіп, дүние есігін ашқаннан соң бір күндік ғұмырыңмен өмір сүру мағынасыз, мәнсіз өмір болар еді. Арман атты пырақтың жалына жармасып жүріп, мынау бес күндік жалған дүниеде өз орныңды жаңылмай тауып, артыңда

«Кімде – кім басқалар бақытты болсын деп, ғұмырын сарп етсе, оның жаны әсемдікке бөленіп, жұлдызы жана түседі»

А.Сухомлинский

«шіркін, жарықтық жақсы жан еді -ау» деген жалғыз ауыз сөз қалдыру үшін жан аямай жанталасып еңбектенсең ғана бағыңның жанғаны, жұлдызыңның жарқырағаны дей бер... Адам баласы өмірге бір-ақ мәрте келеді. Сол өмірді мәнді не мағыналы өткізу, яки болмаса құр босқа, қызықсыз, мәнсіз өткізу – бұл адам баласының өзіне тікелей байланысты. Өмір тылсымға толы, ғажайыптар. Сондықтан адам баласына бір-ақ мәрте берілетін өмірді мәнді де, мағыналы, жақсылықтарға, жарқын естеліктерге толы етіп өткізуді қай адамның болса да армандары хақ. Ал өмірді өзгелерге үлгі боларлықтай өткізу, ол ең алдымен дұрыс армандаудан, алдымызға анық мақсат, айқын міндет қоюдан, арманның ақиқатқа айналуынан басталады. Дұрыс армандай білген адам ғана бұл өмірде белгілі бір жетістіктерге жетіп, өзін өзгелерге мойындата алады.

Арман... Дұрыс арман... мені ару Ақжайықтың төсінен орын тепкен еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі де бірігейі саналатын Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне

жетеледі де отырды. Көңілімнің керуені өмірге талай талант иелерін сыйлаған киелі қара шаңырақ білім ордасына ауды. Ауып қана қойған жоқ, осы білім ордасын таңдады да. Білім көрсеткіші өзгелерден оқ бойы озық тұрған, ғылым көкжиегінде өзін мойындатып үлгерген, тарихымызда ойып аларлықтай орны бар, тамырын тереңге жайған бұл

Мамандығымы - мақтанышымы

білім ордасы менің арманымды ақиқатқа айналдырды. Бір ғасырға жуық тарихы бар университет талай жанға өмірге жолдама беріп, қанаттарын қатайтып, толыққанды азамат ретінде қалыптастыруға септігін тигізді. Қарт Каспийден сенім жүгін арқалап, арман қуып ару Ақжайыққа келгендегі басты мақсатым – белді білім ордасынан тәлім алып, ұстаз деген ұлы есімге лайық болу болатұғын. Мүйізі қарағайдай қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде оқитынымның өзі – мен үшін үлкен мақтаныш. Мен болашақта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы болып қызмет атқарамын. Ұстаз болу – ол әркімнің қолынан келе бермейтін ұлы өнер. Осы өнер иелері шәкірттерінің жүректеріне қуат құйып, көңілдеріне шуақ нұрын сеуіп, өмірге деген құштарлық сезімдерін оятады. Ұстаздар жүрек жылылығы мен адамгершілік ұлылығын шәкірттерінің бойына сіңіре біледі. Ұстаз – өз білімін, мейірімін шәкірттеріне беруден өсте жалықпайтын, инемен құдық қазғандай, қажырлы еңбекті қажет ететін мамандық иелері. Әлемде «Екінші ұстаз» атаған әл-Фараби бабамыз «Нағыз ұстаз айтқанын екі еткізбейтін,

үстінен ешкім шағым жасауға батылы бармайтын, білімі телегей-теңіз, ақыл ой парасатына да, ерік-жігеріне де ешкім тең келе аламайтын адам. Осындай қасиеттері бар ұстаз ғана оқушына үлгі-өнеге көрсете алады. Ол халықты соңына ертіп, оның мұң-мұқтажын, талап-тілегін орындай алады», - деп, өте дұрыс айтқан.

Ендеше бұл өмірде ұстаздықтан асқан киелі мамандық, ұстаздардан асқан даналар жоқ десек те болады. Өз өмірімің бастауы, ғұмырымың жалғасы ретінде осынау бір ұлы қызметті алғаныма күн сайын емес, сағат сайын қуанам. Өйткені келешек ұрпақтың тағдыры тек қана ұстаздар қолында. «Кімде-кім басқалар бақытты болсын деп, ғұмырын сарп етсе, оның жаны әсемдікке бөленіп, жұлдызы жана түседі», - деп, ұлы ұстаз А.Сухомлинский айтқандай, ұстаздар мәңгі жылулық пен парасаттың, шынайылық пен адамгершіліктің символындай.

Өмір өрнектері өзгеше өрілген ұлағатты ұстаздардан көп нәрсені саңылауы бар санама сіңіре отырып, болашақта салықалы ұстаз болып, тәуелсіз еліміздің еркін ұландарын тәрбиелеуде бар қажыр-қайратымды жұмсауға қашанда дайынмын. Осынау ұстаз деген мамандықтың өзі - үлкен абырой, ал жақсы ұстаз болу - мақтаныш.

Елдана АСЫЛХАНҚЫЗЫ



Р
К
Е
Н



№ 8 (866) МАУСЫМ 2011 ЖЫЛЫ





НАШАҚОРЛЫҚ – ТҰҢҒИЫҚ ТҮБІ

Р
К
Е
Н

Нашақорлық - тұңғиық түбі, адамды еліктіретін аждаһаның бір басы.

Дүниежүзі елдерін жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл «жұқпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Тіпті ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр. Неге? Оның әр түрлі себептері бар. Кейінгі есірткі заттарды қолданатындардың басым көпшілігі - мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар. Біріншіден, олар өз-өздеріне есеп беріп жатпайды. Өмірдің не екенін әлі жете түсінбейді. Екіншіден, бұл жаста әр нәрсеге еліктегіш, тез бейімделгіш келеді.

Нашақорлық дертіне шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түседі. Өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп туғызады. Күн өткен сайын елімізде нашақорлыққа байланысты жасалатын қылмыстың саны күрт өсіп отырғаны ешкімге жасырын емес.

Ғасыр індеттерінің бірі нашақорлық бұдан былай да адамзат тұрған жерде жойылмақ емес деген шешімге келген шетелдік ғалымдар мұны өркениетпен бірге жүретін қара құрт деп отыр. Осы індеттен қаржылық жағынан зиян шегіп отырған Америка Құрама Штаттары нашақорлыққа қарсы күрес жүргізуді дұрыс деп санап отыр. АҚШ-тың өз ішіндегі сондай-ақ, елден тыс жерлердегі есірткі

саудасымен айналысатындар және оны өндіретіндермен қатаң күрес жүргізу туралы айтылып, есірткіге қарсы заңдарды күшейту сынды дәстүрлі тәсілдерді жандандыру қажеттілігі қарастырылған. Алайда, ол елде мұндай іс-шараларды сынап-мінеушілер де бар екен. Олар нашақорлықты түп қазығымен жойып жіберуі мүмкін емес екенін, өйткені есірткі пайдалану немесе тұтыну қай кезде де өркениеттің ажырамас бөлігі екендігін алға тартуда. Ал, біздің елдегі нарколог-мамандар да мұнымен күресудің қашанда күрделі екендігін тағы да нақтылады.

Нашақорлармен жұмыс істеу жалпы кезең-кезеңімен жүргізілуі тиіс. Бұл айтылған кезеңдердің ең біріншісі науқастың организмін ауыр халден босатып, аяғынан тұрғызу болып табылады. Ал бұдан кейінгі кезең - психологиялық көмек беру, екінші жұмыс алғашқыдан біраз күрделілеу. Өйткені, нашақорларды құрдымға кетіретін де - олардың ішкі жан-дүниесінің әлсіздігі. Бұдан кейінгі емдеу жұмысы оларды еңбекке жарамды ету, яғни реабилитация кезеңінен өткізу керек. Нашақорлық - тек медициналық ауру емес, бұл әлеуметтік дертке жақынырақ. Нашақорлықтан біржола құтылу мүмкін емес шығар, сірә. Осы орайда, тағы да әлемдік зерттеулерге жүгінетін болсақ, есірткіге қарсы заңдарды қатайтудың салдарынан аз-маз мөлшерде есірткімен ұсталып жазықты болғандар

есебінен әсіресе, дамыған елдерде темір торлар тұтқындарға толып кететінге ұқсайды. Құқық қорғау органдары рөлінің күшеюі заң қызметкерлері мен арнайы қызмет мамандары тарапынан қызмет бабын асыра пайдаланушылыққа, заңды белден басып, бұрмалай қолдануға жол ашылады деп болжануда. Осындай іс-әрекет қарапайым халықтың азаматтық құқығын шектеуге ұрындырары хақ,- дейді ғалымдар. Қалай болғанда да нарколог-мамандар мен ғалымдар және салауатты өмір салтын ұстанатындар түрлі амал-тәсілдерді ойлап табуды көздеуде. Ал нашақорлыққа шалдыққандар болса, өзінің болашағын ойлаудан да қалады.

Нашақорлық қасіреті туралы қаншама айтылып жүрсе де, азаймағаны рас. Сондықтан бұл дертпен жалғыз күреспей, бірлікте жұмыла күрессек, алынбас қамал жоқ.

Ашық аспанымызға қара бұлт төндірген заман кеселдерінен арылу, арылту – көкірегі ояу, көзі ашық әрбір азаматтың борышы. Ол үшін жеке бас және қоғамдық тазалықты сақтап, спортпен айналысып, зиянды нәрселерден аулақ болуымыз керек. Салауатты өмір салты – біздің ата-бабаларымыздан келе жатқан, әрине, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қазынамыз. Осы қазынамызды тұңғиық түбіне батырмайық, нашақорлық – ғасыр дерті.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы дерегіне сүйенсек, әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін-өзі өлтіреді екен. Сол бір миллион адамның 8 мыңы - қазақстандық. Бұл дегеніміз әрбір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебі бойынша Қазақстан суицид дерегі жөнінен 2010 жылы әлемде үшінші орынды иемденген. Ал осыдан үш жыл бұрын бесінші орында болған. 2010 жылы суицид жасөспірімдер арасында жиілеп, 237 жасөспірім өмірмен қоштасқан.

СУИЦИДТІҢ САРА НЕГЕ?

XX ғасырдың басында америкалық психолог Карл Менниндер суицидтің үш негізгі себебін көрсеткен. Оның бірі өш алу, жек көрушілік яғни өлтіру ниетінен туындайды. Екіншісі – депрессия,

бұл дегеніңіз тығырықтан шығатын жол таппағандықтан өлгісі келу. Ал үшінші, кінәлі сезімнің күштілігі себепті өзін-өзі өлтіруге бару екен. Тағы бір америкалық психолог Эдвин Шнейдман суицидтің назар

аударатын басты себептерінің бірі деп адам төзгісіз жан ауруын көрсеткен. Шынында да суицидтәннің емес, жанның ауруы. Психологтар суицид жасайтындардың көпшілігі барлық күрделі мәселелерді шешетін тек қана ажал деген пікірді ұстанатынын дәлелдеген. Ал өз-өзіне қол жұмсауға ешбір күрделі проблемасы жоқ жандар да баратын көрінеді. Мұндай жағдай көбіне психологиялық тұрғыдан әлсіз адамдарда болады-мыс. Олар өмірде кездескен болмашы қиындыққа бола өлімге жүгінеді екен. Суицидке баратындар тұйықталып, айналасынан алыстай бастайды. Кейде өмірінің соңғы күндерін өткізіп жатқанын, әлдебір істі соңғы рет істеп

№ 8 (866) маусым 2011 жылы

10

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді алаңдатып отырған өзекті мәселе – адам саудасы. Қазіргі уақытта бизнестің әр түрлі жолдары дамыған кез, оның ішінде жалған хабарламалар беріп, әсіресе сымбатты да сұлу қыздарымызды алдап соғып, «фотомодельдік» қызметтер ұсынамыз деп, олардың өміріне жазылмастай жара салады. Оларды көп жағдайда құлдыққа салып, жезөкшелік қамытын кигізеді. Адам саудасы – қазіргі кезде пайда табу жағынан қару-жарақ пен есірткі саудасынан кейінгі үшінші орында екен.

Адамдар құлдыққа сатылуда, мемлекет бұған көзжұмбайлықпен қарамауы тиіс

Сол себепті «трафик» деп айдар таққан адам саудасы бүгінде әлем елдері үшін үлкен мәселеге айналып отыр. Өзара жымдаса байланысқан халықаралық қылмыс жүйесінің тамырына балта шабу үшін әлем елдері тізе қосып, бірігіп күрес жүргізуі қажет екендігі түсінікті.

Жасөспірім қыздардың, азаматтардың өзінің немесе отбасының әл-ауқатын жақсарту мақсатында жұмыс іздеп барып, қайырымсыз адамдардың зорлық-зомбылық көрсетуімен құлға айналуы немесе қара жұмыстан көп ақша табамын деп жүріп еңбегіне татымайтын ақшамен шектеліп, әділеттілікке жету үшін әуреге түсетін жағдайлар орын алып жатады. Сондықтан азаматтардың, жасөспірім қыздарымыздың күмәнді жарнамалар

мен шетелге жұмысқа орналастыру туралы келісімдерге алданып қалмай, сергек қарауын қалар едік.

Қалай дегенде де қазіргі уақытта адам саудасының әлемдік қоғамдастық үшін көкейкесті мәселеге айналып отырғаны ақиқат. Бір өкініштісі, Қазақстанда да шетел азаматтарын республика аумағында пайдалану үшін қызметке алдап-арбап тарту жағдайлары, сонымен қатар қазақстандық азаматтарды сондай мақсаттарда шетел мемлекеттеріне шығару фактілері орын алуда. Егер деректерге сенетін болсақ, бұл көрсеткіш жыл сайын төрт миллионға жуықтайды екен. Қазақстан азаматтары көбіне Түркия, Оңтүстік Корея, Греция, Албания, Парсы шығанағына және Батыс Еуропа

елдеріне шығарылады. Онда алдап-арбау барысында жалған төлқұжаттар пайдаланылады.

Әсіресе, соңғы жылдары адамдарды ұрлау жиілеп кеткен, «Тірі тауар» саудасымен айналысатын қылмыстық топтардың мүшелері адамдарды құлдыққа сатады. Құлдыққа түскен адамдардың іздерін табу оңайға соқпайтын көрінеді, әрі табылмауы да ықтимал. Жыл сайын адам саудасына байланысты елімізде көптеген қылмыстық істер қозғалады. Мұндай әрекеттер көбіне Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының аумақтарынан жиі кездесуде.

Сондықтан адам саудалау, оны бостандығынан айыру – қылмыс болып саналады. Мұндай әрекеттер жасағаны үшін айыпты деп танылғандар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 125-бабының тармақтары бойынша жазаланады. Ата заңымызда адам құқығы, оның бостандығы негізгі бағыт болып табылатынына байланысты, Қазақстан азаматының шетелге барып жұмыс істеп, табыс табуына тыйым салынбайды. Алайда, әр азамат шетелде өз құқығының қорғалатынын, бостандығына шектеу қойылмайтынын ескергені, жан-жақты білгені жөн. Қазақстан азаматтарының шетелдерге жақсы табыс табу мақсатымен барып, ойларында болмаған қиындықтарға кездесіп, бармақтарын тістеген жағдайлары ақпарат құралдары арқылы барлығымызға белгілі болды.

Тіпті, көптеген жастар шетелдік компаниялардың жарнамаларына алданып қалуда. Өкініштісі сол, адамды пайда табу көзі деп қарайтын бұндай топтарды құрықтау мүмкін емес болып тұр. Сондықтан әрбір жанашыр тұлға, қоғам мен мемлекет болып осы үш бағытта күш біріктіргені жөн. Адамды сатуға қарсы күрестің маңызды құралы – халықтың құқықтық сауатын көтеру, насихат жұмыстарын жандандыру. Бұл бағытта еліміз бойынша көптеген шаруалар жүзеге асырылуда. Десек те бүкіл әлемде қауіпті құбылысқа айналып отырған бұл өзекті мәселе – күн тәртібінен түспеуге тиісті тақырып деп есептеймін. Ендеше көкірегі ояу, көзі ашық кім-кімнің де алаяқтардың алдап-арбауларына түсіп қалмағандары дұрыс.

Елдана АСЫЛХАНОВА

Студенты ЗКГУ всегда придут на помощь!

Я, Айтбаев Нурбек Еркинович, студент 3 курса ЗКГУ им.М.Утемисова, специальности НВП, сформировал команду из студентов ЗКГУ им.М.Утемисова в количестве 20 человек для оказания помощи во время наводнения по предложению МК при НДП «Нұр Отан» «Жас Отан». Мы, студенты, оказывали помощь людям, проживающим в г.Уральске, в селе Мичурино.

Студенты дежурили вокруг дамб и смотрели за уровнем воды, обходили территорию села, укрепляли дамбы и набивали мешки песком. Местные жители работали вместе с нами, местный акимат обеспечил нас продуктами питания и местом для проживания. Хочу отметить активность местных жителей, люди вместе с нами и с работниками МЧС не спали 24 часа и дежурили вокруг дамб.

Наш отряд разделили на 4 группы, отрядами руководили: студент 4 курса специальности Юриспруденция Калиев Дамир, студент 2 курса специальности Иностраный язык и 2 иностранных языка Мустафа Алмас, студент 3 курса специальности Международные отношения Берсекенев Талгат. Каждый из нас отвечал за определенную территорию местности, проверял каждый 30 минут уровень воды. Если уровень воды поднимался на 1 или 2 сантиметра, то мы об этом сообщали сотрудникам МЧС.

жатқанын да сөз арасында айтып қалатын көрінеді. Көп жағдайда жақындарының бейқамдығынан олардың сөздері ескерілмей қалады екен. Кейде мінез-құлықтағы мұндай өзгерістерді байқап, суицидке барғызбай аман алып қалатын жағдайлар да кездеседі.

Өтпелі кезеңде жасөспірімдердің жанын жабырқататын жағдайлар көп. Бұл кезеңде балаға алғашқы махаббаттағы сәтсіздік, өзінен үлкендердің күш көрсетуі, ата-анасының өзін түсінбеушілігі, әрі құрдастарының ұдайы келемеждеуі қатты әсер етеді. Өкінішке қарай, балалардың көпшілігі мұндай жан күйзелісін «ұрсады» деп ата-анасынан жасырып қалуға тырысады. Өйткені, біздің қазақы

менталитетімізде үлкендігімізді бұлдап, өктемдік көрсететін кездеріміз көп. Ал психологтардың көпшілігі баламен қарым-қатынаста бір уақыт оның деңгейіне түсіп, бала ойлаған тәрізді ойлаудың да артық етпейтінін айтады. Себебі, көп жағдайда үлкендердің баланың сөзін тыңдамауы, оған өз пікірін таңуы, бала психологиясында менің пікіріммен санаспады деген ашу-ыза тудырады екен. Ашу-ыза да суицидке итермелейтін көрінеді.

Жасөспірімдер арасында суицидтің жиілеп кеткені жайлы мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменов мәселе көтеріп, депутаттық сауал жолдады. Бізге балаларды қорғау мен қолдау шараларын қамтитын кешенді

бағдарлама қажет деген ұсыныс айтты. Қоғамды алаңдатқан бұл мәселенің қалай шешім табары болашақтың еншісінде.

Суицид көбейген сайын суицид жайлы көп айтатын болдық. Тіпті жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсағанын теледидардан көрсетіп, жиі хабарлаймыз. Біздің көңілімізде суицид те жарнама сипат алып кеткен жоқ па деген қорқыныш бар.

Сөз соңында айтарымыз, қазір әртүрлі діни ағымдар да көбейіп кетті. Ой-санасы толық жетілмеген жасөспірімдер уысқа тез түседі. Ата-ана мен мектеп мұғалімдерінің, сондай-ақ жергілікті заң орындарының мұны да ескергені жөн.



Р
К
Є
Н



№ 8 (866) МАРСЫЛ 2011 ЖЫЛЫ





Бүгінді таңда облыс аумағындағы шет елдерден келген ислам қорлары мен ұйымдары жабылып, шетел азаматтары Қазақстан аумағынан аластатылғанымен, олардың іс-әрекетін қазақстандық шәкірттері мен Мәдинадан білім алып оралған, солардың жетегіндегі өзге де жастардың жалғастырып жатқандығы өкінішті.

Р
К
Е
Н

ІШТЕН ІРІТУШІ

**Саңырауқұлақтай
қаптаған түрлі
ағымдардың арбауына
түсіп қалудан бір Аллаһ
тағала сақтағай!**

УАХАББИЛЕР

Өздерін «таза ислам» жолындағы «сәләфилерміз» дейді

Өуелі осы ағымның атауына қысқаша тоқталайық. Қазіргі таңда олар «Уахабилік» және «Сәләфилік» деген екі атаумен аталады. «Уахабилік» деген атауы оның негізін салушы Мұхаммад ибн Абдул-Уаххаб деген кісінің атымен тікелей байланысты. Ал екіншісі – «Сәләфилік» атауы «алдыңғы өткендер», «бұрынғылар» деген мағына береді. Бүгінгі «сәләфилер» Мұхаммед (с.ғ.с.) тұсындағы сахабалар заманындағыша өмір сүреміз деп санайды. Бұл ағымның басқа да аттары бүгінгі ортаға қарай сан құбылып өзгеріп отырады.

Бүгінді таңда облыс аумағындағы шет елдерден келген ислам қорлары мен ұйымдары жабылып, шетел азаматтары Қазақстан аумағынан аластатылғанымен, олардың іс-әрекетін қазақстандық шәкірттері мен Мәдинадан білім алып оралған, солардың жетегіндегі өзге де жастардың жалғастырып жатқандығы өкінішті.

«Уахабилердің» немесе екінші сыпайы атауымен атасақ «сәләфилердің» көпшілігі қашаннан ресми қызмет етіп келе жатқан Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының істері мен пәтуеларын мойындамай, мешіт жамағатының мазасын алумен қатар, имамдардың істері мен құлшылықтарына кедергі келтіруге де тырысып бағуда. Оларға мешіт қызметкерлері тарапынан қаншама рет ескертілсе де естімегендей сыңай танытады. Осыған қатысты тиісті құзырлы орындар бірлігімізге іріткі салушы «сәләфилердің» мәселесін жан-жақты талдап, салмақтап, оларды қолданыстағы заңдармен ауыздықтап, сот шешімдерімен

қызметтері заңсыз саналған ниет-пиғылдары жат өзге де діни ұйымдардың қатарына жатқызуы керек деп білеміз. Әрине, бұлар «хизбуттықтар» сияқты арнайы ұйым болмағанымен, қазіргі кездегі ашық қарсы тұру әрекеттерінен олардың экстремистік ниет-пиғылдарының алғышарттарын айқын сезінуге болады. Сондықтан бұл немқұрайлы қарайтын мәселе емес.

Бүгінгі таңда «уахабилік» ағымның дамуы төрт кезеңнен тұрады. Біздің білуімізше Қазақстанда оның қазір бірінші кезеңі іске асырылып жатқан көрінеді. Ол – ел арасында «уахабилер» қатарын көбейтіп, қоғамда жік туғызу.

Жалпы алғанда, бұл «сәләфилік» ағымның қазіргі таңдағы зиянды теріс іс-әрекеттерімен қоса зиянды сипаттарын оқырмандарға, әсіресе енді ғана дінді танып, үйреніп келе жатқан мұсылман бауырларымызға түсінікті болуы үшін, тәспі моншақтарындай етіп, рет-ретімен тізіп шығайық. Олардың мынадай теріс сипаттарынан сақтану қажет:

1. Мешіт жамағатынан бөлектеніп, өздерінен басқалармен кем сөйлеседі.

2. Мешітке бес уақыт және жұма намазына келеді. Намазда «Фатиха» сүресінен кейін «әминді» жария айтады. Парызды имаммен қоса қабат өзі де күбірлеп оқып тұруы арқылы қасындағы жамағаттың құлшылығын (ойын) бұзады. Имамдардың ескертуіне құлақ аспай ерегісіп, «әминді» дауыс көтеріп айтады. Ханафи мәзхабы бойынша «әмин» тек іштей айтылады.

3. Сыртқы көріністері: шалбарды тобықтан жоғары қайырып, бастарына тақия немесе сәлде кимейді.

Өздерін «сәләфилерміз» деп атайды. Сахабалардың сәлде, шапан кигені тарихтан белгілі. Сонда бұлар қандай сәләфилер?

4. Күнделікті бес уақыт және жұма намазының сүннеттерін оқымай шығып кете береді. Сүннет амалдарының бірін орындаса, екіншісін қалдырып отырады.

5. Қасиетті Рамазан айында құптан намазындағы тарауихты 8 рәкәт етіп оқиды. Ал, 4 мәзхабта тарауих намазы 20 рәкәттан оқылады. Бұл намаз ер мен әйелге бірдей сүннет амал. Ал шарифат бойынша нәпіл намаздары әркімнің өз қалауынша оқыла береді. Ал, тауарих намазы 20 рәкәт сүннет муаккада болып есептеледі.

6. Бұл ағым «Хизбут-тахрир» діни саяси ұйымы сияқты, ежелгі тарихымызды, ұлттық салт-дәстүрлерімізді мансұқтап, еліміздің көне жәдігерлері болып саналатын киелі орындарымызды, мысалы, Қожа Ахмет Иассауи, Арыстанбаб, Бекет Ата, Райымбек батыр, т.б. да кесенелерді тып-типыл етіп тегістеп, жермен-жексен етуді көздейді. Сонда біздің жеке елдігіміз бен ұлтымыз, тәуелсіздігіміз қайда қалмақ?

7. Мәзхабтарды мойындамай, бидғат санайды.

8. Шарифат амалдарының бірін орындаса, екіншісін орындамайды.

9. Ата-бабалар мен дүниеден өткен мұсылмандардың рухына құран бағыштауды дұрыс емес дейді.

10. Сәләфилер мәдени ошақтардың барлығын кешірілмейтін күнә санайды. Атап айтқанда, қазақтың ұлттық мәдениеті, музыка, театр, көркем суреттер, т.б.

11. Сопылық тарихатты мүшрікке санайды.

12. Сақалдарын жөнсіз еркін жіберіп өсіреді.

13. Тәспі тартуға тыйым салады.

№ 8 (866) маусым 2011 жыл

12

14. Мешіттерге садақа беруді дұрыс көрмейді.

15. Жұма намазы алдындағы құтпа уағызын тыңдамайды. Оның орнына нәпіл намаздарды оқиды. Негізінен құтпа уағызын тыңдау уәжіп. Ал, нәпіл намаз оқып жатып қаншама уағыздан мақұрым қалады.

16. Намаздағы ерекшеліктері: екі аяқ алшақ ұстап, талтайып тұрып, екі қолдарын кеудесіне қояды. Және әрбір рүкүһте сәждеге барарда «тәкбір айтып» қайта-қайта қолдарын көтере береді.

17. Кәпірлерге айтылған аят-хадистерді мұсылмандарға қолданады. Мысалы «Кәфирун» сүресін. Зекет бермегенді кәпірге жатқызады.

18. Киелі орындарға, қабір басына баруды дұрыс көрмейді. Ал, Ханафи мәзхабында әр аптаның жұма күні, жұма намазынан соң марқұм болған ата-анасының басына зиярат етіп, оларға дұға жасау жөнінде дәлелдер бар.

19. Көшеде, мешітте адамның көзінше мисуак қолданып, мәдениетсіздік пен әдепсіздік жасап жүреді. Әрине, мисуак қолдану сүннет амал. Ол оңашада және дәреттен соң жасалады.

20. Бұл ағым Ата заңымызды мойындамайды.

21. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін бидғат санайды.

22. Мақсаты - Қазақстанды уахабилер еліне айналдыру.

23. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) туылған күні – Мәуліт мерекесін атап өтуді бидғат санайды.

24. Дұға еткенде қолдарын көтереді де бет сипамайды.

25. Мәдинадағы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қабіріне зиярат етуді көп тәңірлікке теңейді.

26. Мешіттердің мұнарасы мен сәнделуіне қарсы.

27. Бұл ағым тәспінің орнына саусақ буындарын қолданады. Мәзхаб бойынша тәспі орнына саусақ буындарын қолдану мәкруһ саналады. Мұны жалғастыра берсе мәкруһ тахримға айналады.

28. Намаз оқымаған адамды кәпір санайды.

30. Сәлемдесу тек араб тілінде болуы керек деп санайды. Қазақша сәлемдесуді қолдамайды.

31. Уахабилер өздерінің азан

шақырып қойған есімін бүркемелеп, лақап аттарымен жүреді.

32. Бұл - шеттен келген келімсек, адасқан ағым.

33. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша келіндері үлкендерге иіліп сәлем береді және ер адамдар сәлемдескенде қолды кеудесіне қойып амандасады.

34. Ізет көрсетуін уахабилер Аллаһ тағалаға серік қосуға жатқызады. Тек Аллаһқа ғана иілу керек деп есептейді. Бұл үлкен кісіге табыну емес, құрметтеп ізет көрсету ғой. Осы мәселеге қатысты мәзхабымызда арнайы пәтуә да бар.

35. Бұлар: «Біз тек таза дінді насихаттаймыз», - деп жаңадан үйреніп жүргендерді алдайды. Олар көп оқығанды емес, енді ғана үйреніп жүргендерге хадия (сый-сияпат) жасап, өздеріне тартады.

36. Бұл ағым жамағаттың, әсіресе, мешіт имамдарының жүйкесіне тиіп, түрлі пікір қайшылықтары мен күдік-күмән туғызып, елді алаңдатады.

37. Ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүріміз бойынша, келін түскенде «Беташар» рәсімі жасалады. Беташарда жаңа түскен келінді елмен таныстырып, өмірде керекті насихат сөздер айтылады емес пе? Оны уахабилер бидғат амалына жатқызады.

38. Домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңғауыз, сырнай, т.б. ұлттық өнер аспаптарымызды мансұқтап, ән салып, би билеуді шайтани амал санайды.

Қазіргі таңда дін атын жамылған түрлі ағымдар жастарды еліктіріп, рухани азғындыққа жетелеп, азғыруда. Олардың зияндыларын айыра білу қажет. «Уахабилердің» жоғарыда тізбектей айтылғанынан басқа да зиянды іс-әрекеттері жетерлік.

Еліміздің ертеңі мұнан да жарқын, тәуелсіздігіміз баянды бола түссін десек, бізге бірлік пен ынтымақ, тыныштық пен өзара түсіністік ауадай қажет. Олай болмаса, ниет-пиғылы жат, іс-әрекеті алауыздық пен дүрдараздық туғызуға бейім дін атын жамылған ағымдар мен секта, топтардан, бойымызды аулақ салайық!

Мұхамеджан ЕСТЕМИРОВ,
ҚМДБ-ның ОҚО бойынша
әкіл имамының баспасөз хатшысы,
«Жайық» деструктивтік діни
ағымдардан жапа шеккендерге
көмек орталығы» ҚБ

Елдің есін алған есірткі жөнінде қанша жазылса да артық етпейді деп ойлаймын. Себебі таразы басында жастарымыздың өмірі мен болашағы тұрғандығын есімізден шығармағанымыз абзал.

Соңғы кездері есірткіні пайдаланушылардың көпшілігі жастар мен кәмелетке толмағандар болып отыр. Себебі олар есірткі және СПИД ауруы және есірткінің адам организмине әсері жөнінде аз ақпараттандырылған және де тамырға салынатын есірткі тұтынуға бейім келеді. Сондай-ақ медицина мекемелеріне көмекке жүгінбейді.

Адамдар неге есірткіні пайдаланады дегенге жауап берер болсақ, алдымен есірткіні тұтыну адамның қызығушылығынан басталады. Сондай-ақ кейбіреулер өзінің жүрген ортасында өзін бөлек сезінбес үшін де пайдаланады. Кейбіреулері оны өмірдің қиындығы мен шешілмес мәселелерінен, анығын айтсақ жалғыздық пен қайғыдан арылу үшін де тұтынады. Бірақ та ең алғашқы рет есірткінің дәмін татқан адам қандай тозаққа кіріп, шыңырау-құзға құлап бара жатқанын сезбей де қалады. Көп жағдайда есірткіні пайдалану тәжірибелі нашақорлардың басшылығымен жүзеге асырылады. Барлық жастарға да арақ немесе есірткі шегуге ұсыныс жасалатынын статистика көрсетуде. Ал одан бас тарту көбінің қолынан келе бермейді. Есірткі - бұл адамның мінез-құлқын, психикасын, санасын, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын өзгертетін зат.

Есірткінің кең таралған түрлеріне опий, героин, анаша (гашиш, марихуана), экстази жатады. Есірткі тобына жатпайтын, бірақ адамның тәуелділігін тудыратын заттар да бар. Оларға (дәрігердің рұқсатынсыз көп пайдаланылатын) ұйықтататын және жүйкені тыныштандыратын дәрі-дәрмектер және де әртүрлі тұрмыста қолданылатын химиялық заттар жатады.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, әрбір адам есірткіні пайдаланбас бұрын жақсылап ойлануы керек. Өз болашағымызға балта шаппайық, ағайын. Артынан кеш болып қалып жүрмесін десек, қазірден бастап етек-жеңімізді жинап, кеселмен бірігіп күресейік.

Елдана АСЫЛХАНОВА



Р
К
Е
Н



№ 8 (866) МАРСЫМ 2011 ЖЫЛ



13



Она известна еще и как «Общество Сторожевой башни» (ОСЕ). Она классифицируется как псевдохристианская арианствующая апокалиптическая милленаристская (хилиастическая) религиозная организация. Вместо богослужений проводятся бесконечные религиозные собрания, ежеквартальные и ежегодные «Конгрессы «Свидетелей Иеговы»», а в перспективе они ожидают земного рая, где будет много еды и мало работы, где от каждого будет браться «по способностям», а даваться — «по потребностям». Ни Богу (Иегове), ни Христу места в этом земном раю не предусмотрено.

«Свидетелей Иеговы» знают по их активной пропагандистской деятельности. Они чаще, чем члены многих других религиозных организаций, ходят по домам, подходят к людям на улицах, раздают свои листовки и журналы, навязчиво предлагают изучать вместе

«Башня», второй орган — журнал «Пробудитесь!». «Сторожевая Башня» выходит в свет дважды в месяц тиражом более 23 миллионов штук (то есть более 46 миллионов экземпляров в месяц) на 139 языках мира. На русском языке ежегодно публикуется около 5 миллионов экземпляров различных книг и журналов. С 2006 года журналы выпускают и на казахском языке.

Распространение книг и журналов и пропагандистская работа называется свидетельством, которое каждый член обязан исполнять. Минимально допустимое количество свидетельства — 10 часов в месяц. Но, чтобы быть на хорошем счету, нужно «свидетельствовать» гораздо больше - 50, 60, 80 и более часов в месяц.

Особая категория свидетелей — пионеры (проповедуют не менее 90 часов в месяц) и специальные пионеры (не менее 140 часов проповеди, в месяц). В 1997 г. среди 5 миллионов 900 тысяч Свидетелей пио-

«СВИДЕТЕЛИ ИЕГОВЫ».

«ОБЩЕСТВО СТОРОЖЕВОЙ БАШНИ»

Библию и приглашают на свои собрания. Знают их и по специфической особенности - фанатичного отказа от переливания крови. Они утверждают, что запрет на употребление крови приведен в книге *Левит* и в 15-й главе *Деяний апостольских*, где *Апостольский собор рекомендует новым христианам из язычников воздерживаться, в частности, от употребления в пищу крови животных*. Из-за запрета на переливание крови погибло очень много детей, чьи родители приверженцы «Свидетелей Иеговы» отказывались от этой несложной медицинской процедуры, а также людей, находящихся в бессознательном состоянии, потому что родственники наотрез не давали на нее согласия.

«Свидетели Иеговы» отрицают любое земное правительство и все, что с ним связано: службу в армии, присягу на государственные должности, государственные праздники, отдавание почестей флагу, голосование и избрание на выборные должности - все члены организации считают себя гражданами единого государства — «Общества Сторожевой башни» со столицей в Бруклине (район Нью-Йорка), где близ Бруклинского моста находится их центр «**Вефиль**» (так называется не только бруклинская штаб-квартира, но и управленческие центры «Свидетелей Иеговы» во всех странах мира. Там заседает «богоустановленный» высший орган — **Руководящая (Правящая) корпорация**, именуемая «Верным и благоразумным рабом» (ВиБРоМ) Иеговы — единственным представителем на земле бога.

Руководящая корпорация назначает уполномоченных представителей в крупных зонах, те контролируют комитеты в филиалах, перед которыми отчитываются представители в областях. Им подчиняются районные руководители, руководящие старейшинами в собраниях, к которым относятся рядовые члены. Все местные управленческие органы, организации не принимают самостоятельно никаких решений — они являются лишь передаточным звеном для «проведения в жизнь» распоряжений и директив из Бруклина.

Всего в американских Вефилях работают около пяти тысяч человек, а в Вефилях по всему миру — более двадцати тысяч. Большая часть их прошла подготовку в «Школе теократического служения» в Галааде (Пенсильвания) — главном учебном заведении организации.

Главный печатный - орган журнал «Сторожевая

нерами были около 700 тысяч человек - практически каждый восьмой. В сентябрьском номере журнала для внутреннего пользования «Наше царственное служение» за 1996 год находятся подробные инструкции по вербовке, в том числе и требование узнать имя, адрес, телефон человека, проявившего хоть малый интерес к разговору. Руководство «Как завести и продолжить разговор на библейскую тему» (1994 г.) рассматривает варианты втягивания посещаемых жильцов в беседу, в том числе при использовании прямой лжи о своей профессиональной принадлежности. В этом наставлении признается допустимой и ложь о том, что деньги не нужны (руководство весьма откровенно - все результаты разговоров заносятся в специальные карточки — «Записи служения по домам»), где указываются адреса посещенных домов и квартир.

Фиксируются имена и фамилии жильцов, а также их реакция на приглашения на собрания и подаренную литературу. Так ведется тотальный учет всех жителей районов, в которых действует организация. При этом собирается также информация о жильцах, времени, когда их можно найти дома, их здоровье, интересах. Степень активности «свидетеля» и, следовательно, его стремление к спасению оцениваются руководством по данным этих карточек

Тех, кто сомневается в сути их учения, воспринимают как противников, и относятся к ним соответствующим образом, что некоторые факты умалчиваются, называется «стратегией теократической войны». «Общество» призывает «свидетелей» помнить, что: **«Будучи воином Христа, он постоянно находится в состоянии теократической войны и должен быть очень осторожен, имея дело с Божьими врагами. Таким образом, как следует из Писаний, в целях защиты интересов дела Бога надлежит скрывать правду от врагов Бога».**

Богослужение строится на основании журнала «Сторожевая Башня», оно проходит в «залах царства». Они снимают для эти0 должны раз в неделю посещать особое собрание по изучению книг и дважды в неделю бывать в «зале царства» Кроме того, есть еще большой летний конгресс и несколько более мелких на протяжении всего остального года.

Общественное объединение «Центр помощи пострадавшим от деструктивных религиозных течений «Жаик»

Ғаламтор өздігінен бір үлкен ау сияқты. Оны ақпараттық теңізге салып, өзімізге керегіміздің барлығын алып шыға аламыз. Соңғы кезде интернет қазіргі қоғамның мәдениетінің бір бөлігі болып барады. Көптеген адамдар өзіне керек ақпаратты лезде алысқа бармай-ақ интернеттен тауып алады. Және оларға қоса өз махаббаттарын да тауып жатады. Біреулер арнайы танысу сайттарына анкета енгізіп қойса, енді біреулер ұнаған анкетаға жауап беріп жатады. Одан кейін сөзден іске көшіп, телефон нөмірін берумен жалғасады. Дауысын естіп, сөз байлығын, сөйлеу мәдениетін тексереді. Солай кездесуге шақырып виртуалды қатынасты шынайы қатынасқа айналдырып жатады. Қалай болғанда да интернетте танысу – ол өте оңай. Халық арасындағы «Интернетте тек өзіне сенімі жоқ адамдар ғана танысады» деген ой қазір ескірген. Керісінше қазіргі кезде көптеген тәрбиелі, тартымды, бірақ, жалғыз басты адамдар өз жартыларын уақыттың жоқтығынан таба алмай отырған түрлері бар. Көп жағдайда ондай адамдар үшін танысу сайттарының көмегі зор. Қазіргі жастардың ортасында агентпен танысып отбасын құрып жатырғандар және агент арқылы компьютерлік қызмет көрсету, евро жөндеу, студентке жәрдем (сызу, реферат, курстық жұмыс) секілді өзіндік қызмет түрлерін ұсынатын сайттар бар. Сонымен қоса әрқашан таяқтың екі ұшы болатындай көңілге кірбің түсірер жайттары да бар. Сол себепті агент туралы жастардың пікірін білу мақсатында сұрақтар қойып, жауабын оқырманға ұсынып отырмын.



**Р
К
Е
Н**



№ 8 (866) МАУСЫМ 2011 ЖЫЛ

15



Агент қызығушылық па, әлде, АХАЖ-ға алып барар жетіл жол ма?

**Агент сізге несімен қызықтырады және күніне қанша уақыт отырсыз?
Агенттегі достарыңыз көп пе? Жырақтан бар ма?
Агентпен танысып отбасын құрғанға қалай қарайсыз?**

Агент мен үшін достарыммен хат-хабар алысып, жағдайларын біліп тұру үшін қажет. Әсіресе, агентке жұмыстан қолым босаған кезде кіремін. Агентпен танысып отбасын құру әбден мүмкін. Өйткені менің таныстарым бар агент арқылы танысып, отбасын құрған. Егер кездескеннен кейін бір-біріне ұнап жатырса неге отбасын құрмасқа?! Агенттегі достарым Қазақстанның әр түкпірінен жиналған. Олардың барлығымен сөйлесуім мүмкін емес, әрине.

Айболат Темір (Атырау қ.)

Бүгінде интернет арқылы, әсіресе агент арқылы хабар алысу қарқынды жүруде. Бұл қарым-қатынастың оң бағыты ең жақын жандарыңмен үнемі байланыста болуға өте тиімді? Алайда телефон көзіне телміріп, уақыттарыңның қалай зая кеткенін де сезбейтінің кейде қарның ашады.

Өмір деген жәрмеңке секілді. Сол жәрмеңкеде адамдар өзін жақсы көретін жанын әрқилы тағдыр торабында кездестіріп жатады. Өмір жолында, тағдыр жазуымен агент арқылы танысып, шаңырақ көтеру біреулердің маңдайына жазылған шығар. Менің дос-жарандарымның арасында бір-бірінің жанына жақын достықтан да үлкен сезім лаулаған жандар бар.

Өз ойым, көріспей тұрып @-mail арқылы танысқаннан гөрі ортада танысып, ой бөлісіп сөйлескен артық деп ойлаймын.

Айкүн Молдашева (Орал қ.)

Біз XXI ғасырда өмір сүреміз. Бұл қай саланың болмасын қарыштап дамып, өсіп өркендеп кең қанат жайып отырған ғасыр. Сондай жетістікке жетіп отырған биік саланың бірі – компьютерлік жабдықтар, ғаламтор көздері. Ғаламтор әлемі ел мен елді, жер мен жерді байланыстырып отырған күрделі де қызықты, ғажап та ғаламат ордасы. Осы ғаламтордан талай қызықты ақпараттар алумен қатар әр адам өз әлемін (мир) ашып, айналасындағы достармен қатар жаңа виртуальды достар тауып жатады. Әр адам өз әлемінде отырып, жер шарының түкпір-түкпірінен достар тауып, кездесіп, тіпті отау құрып жатырғандар да бар.

Ерғанат Ситқайыр (Орал қ.)

Агент арқылы танысу қазіргі кезде белді орын алып жатыр. Біреулер сырласып жатырса, енді бірулері кездесіп, тіпті отбасын құрып та жатырғандары бар. Агентке көбіне уақыт өткізу үшін кіреді деп ойлаймын. Агентте достарым Қазақстанның түкпір-түкпірімен қоса өзге елдерден де бар. Мысалы, Монғолиядан, Польшадан. Польшадағы достарыммен өзім оқитын М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дан Польшаға 3 ай курс тіл үйренуге барғанда танысқан едім. Сондағы достарыммен агент арқылы хат алысып тұрамын. Алайда мен агент арқылы танысып, отбасын құрғанға қарсымын. Өйткені ол, жай ғана ермек пен қызығушылық.

Гүлсезім Жанұзақова (Орал қ.)

Агент арқылы танысу қазіргі кезде белді етекжайды. Қазіргі уақыттың үлкені де, кішісі де сол агенттен шықпайды. Агент уақыт өткізу және бірлік үнемдеудің бірден-бір жолы десем қателеспейтін шығармын. Бірлік үнемдеуде құптарлық дерсің. Бірақ уақыт өткізуден басталып, соңы жанұяның құлауына да алып келіп жатады. Әрине, бұл құптарлық деуге келмейді. Агентте отырғанда айналаңдағы адамдардың не айтып жатырғандығынан бейхабар яғни, мезеттік саңырау болып қаласың.

Әрине, агентті, интернетті тиімді пайдаланып, үлкен іс бітіруге болады. Дегенмен таяқтың екінші ұшы соққы болып тимеуін де қадағалауымыз керек.

Әнуар Тіналиев (Астана қ.)

Дайындаған Гүлсезім БИЯШЕВА

Круглый стол в АТиСО

Ко Дню Великой Победы в АТиСО был организован «круглый стол» на тему «66 лет Победы в Великой Отечественной войне». В работе «круглого стола» приняли участие студенты АТиСО, УКГНиОТ, а также старшекурсники факультета истории и права ЗКГУ им. М. Утемисова Калиев С., Подопригора А., Бейсенова Р., Жароева Д., Нурманова А. и Сағит М.

Участникам «круглого стола» были предложены несколько тем для обсуждения: неоднозначность оценок событий войны, роль исторических фактов, цена победы и вклад казахстанцев в разгром фашизма и отношение молодого поколения к событиям и ветеранам Великой Отечественной войны. Как отмечали сами студенты, эта война затронула каждую семью в нашей стране. Кому-то довелось с оружием в руках отстаивать Родину, кто-то трудился, не покладая рук во имя Победы. Особый интерес вызвало выступление студента группы 07402 Подопригоры А., вызвавшее «живую» дискуссию среди участников «круглого стола».

В завершении встречи участники «стола» отметили, что казахстанская молодежь должна знать о героях той войны. И свое будущее необходимо строить, помня о подвигах предков. А в числе пожеланий для власти - улучшать качество жизни ветеранам ВОВ и ветеранам-тыловикам не только в преддверии праздника Победы, но и в течение всего календарного года.

**Жанна ТАСТАЕВА,
преподаватель**



Р
К
Е
Н

Спорт ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

10-13 мамыр күндері Түркістан қаласында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында спорттың самбо түрінен VI жазғы универсиада болып өткен еді. Бұл жарысқа республикамыздың түкпір-түкпірінен барлығы 19 команда сынға түсіп, нәтижесінде БҚМУ командасы 7 орынға тұрақтады. Өз салмақ дәрежелері бойынша студенттеріміз жекелей сыннан бақтарын сынап, Қ.Сұпығалиев 1 орынға, Б.Шурмен 3 орынға ие болды.

Қыздар арасында өткен самбо күресінен небары 16 команда сынға түссе, біздің қыздар командасы 10 орын қатарынан көрінді. Қыздар арасында болған сайыс қорытындысынан ешқандай үздік командалар анықталған жоқ.

Алматы қаласында еліміздің жоғары оқу орындары арасында садақ атудан жарыс болып өтті. Бұл жарысқа да университет намысын қорғап, белсенділік танытқан БҚМУ ұлдар командасы классикалық садақ ату түрімен жүлделі 1 орынға ие болды. Қыздар мен ұлдар арасындағы сайыста И.Ковалев пен Ю.Старателева қас шеберліктерімен 2 орынды місе тұтты. Ал жекелей сында ерекше көзге түсіп, қарсыластарының алдын ораған біздің студенттеріміз ұлдар арасынан И.Ковалев 1 орынға, сондай-ақ қыздар арасынан Ю.Старателева жүлделі 1 орынға ие болған болатын.

Бұл жарыстың командалық есебі бойынша ұлдар командасы 11 команданың ішінен 4 орынды иеленген еді. Бір айта кетерлігі, университет құрама командасы толық құрама командасымен сайыстың барлық түріне қатыса алмаған еді.

17 мамыр күні Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің спорт залында «Орал» студенттер Альянсы» корпоративтік қоры және БҚО Ішкі істер департаментінің ұйымдастыруымен «Полицияға жәрдемдесу студенттер жасағы» ІІ слетінің кубогіне арналған волейболдан жарыс болып өтті.

Студенттер арасындағы жастар саясатын кеңінен дамытып, салауатты өмір салтын насихаттаумен бірге, жастар мен аға буын өкілдерінің арасындағы достық, сыйластық қатынасты нығайту мақсатымен ережеге сай өткен волейбол жарысына қалалық жоғары оқу орындарының арасынан 7 команда сарапқа салынды. Нәтижесінде талай мәрте волейбол жарысынан өз шеберліктерін байқатып, жүлделі орындарды бағындырып жүрген БҚМУ командасы бұл жолы да олжасыз қалмады. Үздік өнер көрсетіп, 3 орынға ие болған еді. Жеңіс тұғырынан орын алған командалар кубок және дипломмен марапатталды. Сонымен бірге үздік шабуылшы мен үздік қорғаушылар да арнайы марапаттарға ие болды.

БҚО туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен 26 мамыр күні «Ақжайық» футбол клубы стадионында «Қазіргі қоғамдағы діннің орны және деструктивтік діни ағымдарға қарсы тұру» тақырыбында онкүндік шеңберінде шағын футболдан студенттер арасында турнир болып өтті. Бұл ойында жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің арасынан 16 команда бақ сынады.

Ұйымдастырушы мамандардың айтуы бойынша өтіп отырған шараның мақсаты - оқу орындарындағы студенттердің, оқушылардың рухани және діни сауатын көтеріп, дінді теріс түсінуіне, діни құндылықтарды саяси экстремистік мүдделерге пайдалануға жол бермеуге ықпал ету болып табылады.

Шағын футбол ережесіне сүйеніп өткізілген бұл жарыста бар шеберліктерін көрсетіп, он алты команданың арасынан оза шыққан БҚМУ командасы жүлделі 2 орынға ие болды. Жүлделі орындарға ие болған барлық командалар мен үздік деп танылған ойыншылар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Батыс Қазақстан облысының ауыл жастары Одағы» корпоративтік қорының бастамасымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Халықаралық Жастар күніне орай 18 маусым күні волейболдан жарыс болып өтті. Жастар арасындағы салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын насихаттап, жас отбасылардың белсенділігін арттыру мақсатында жас отбасылар арасында ұйымдастырылған бұл шарада небары 6 команда ойын көрсетті. Волейболдың жалпы ережесіне сай олимпиадалық тәсілмен өткізілген турнирден университет командасы жүлделі 3 орынға қол жеткізді.

Жеңімпаз деп танылған барлық командалар дипломдармен, сыйлықтармен 24 маусым күні Сырым Датұлы алаңында қорытынды мерекелік шарада марапатталды.

«Ақжайық» спорт клубы

Поздравляем!!!

Нашего дорогого, всеми уважаемого, нами любимого и обожаемого куратора **Айбулатову Розу Лукпановну**, поздравляем с 50-летним юбилеем!!!



*«Вот и стали вы на год мудрее »
Вот и стали вы на год мудрее
Но года вас несколько не старят
Потому, что в жизни важнее
Красота, здоровье и радость
И хотим пожелать вам здоровья
Долгих лет, процветания, успехов
Чтоб на вашей долгой дороге
Не встречалось несчастий и бед.
Вот и стали вы на год мудрее
Но года вас несколько не старят
Нет улыбки на свете милее
Чем у нашей РОЗЫ ЛУКПАНОВНЫ
Мы гордимся, что вы у нас есть
Всем известно обратное тоже
И нам хочется крикнуть: «мы здесь
И никуда от вас не уходим».
Вот и стали вы на год мудрее
Но года вас несколько не старят
Не забудем мы вас во век
И вы не забудьте нас тоже.*

Ваша группа М- 412

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г кәуелігі берілген.

Индексі 090000

Таралымы 1000

РЕДАКТОР:

ШЫНТЕМІРОВА
Гүлсая Каримоллақызы

ТІЛШІЛЕР:

АСЫЛХАНОВА Елдана
БИЯШЕВА Гүлсезім
СРАЛИЕВА Мейрамгүл

КОРРЕКТОР:

БЕККУЖИЕВА Светлана
ОПРЯ Оксана Викторовна

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТШІ:

ХАЛЕЛОВ Рафхат

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52

Біздің сайт: www.wksu.kz

e-mail: IC_SMI@wksu.kz

№ 8 (866) маусым 2011 жылы

16